




Ақ үйдегі кездесуде Мемлекет басшысы Вашингтонға сапармен келуге шақырғаны және қазақстандық делегацияға көрсеткен қонақжай көңілі үшін АҚШ Президентіне ризашылық білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың президенттік лауазымының тарихи сипатына тоқталып, оның басшылығымен АҚШ әлемнің жетекші экономикалық, саяси және технологиялық державасы ретіндегі позициясын күшейтіп келе жатқанын атап өтті.

Қазақстан Президентінің айтуынша, Америка көшбасшысы жер жүзінің қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Мемлекет басшысы Қазақстан АҚШ Президентінің бітімгерлік бастамаларын толық қолдайтынын жеткізді. Соның ішінде келешекте Орта дәлізді

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АҚШ ПРЕЗИДЕНТІ ДОНАЛЬД ТРАМППЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



одан әрі дамытуға ықпал ететін «Трампың халықаралық бейбітшілік және өркендеу жолына» (TRIPP) ерекше назар аударды.

Дональд Трамп АҚШ-тың Қазақстанмен көпжоспарлы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті дамытуға ниетті екенін растады.

Сапар аясында Қазақстан мен Құрама Штаттары арасында жалпы сомасы 17 миллиард доллардан асатын коммерциялық келісімдерге қол қойылды.

Әңгімелесу барысында екіжақты ықпалдастықтың кең көлемдегі мәселелері жан-жақты талқыланды, өзара тиімді ынтымақтастықтың перспективті бағыттары нақтыланды.

Сонымен қатар президенттер халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Кездесуден соң Ақ үй басшысы әлеуметтік желіден Қазақстан және Президенті Тоқаев туралы пікір білдірді:

Қазақстан Дональд Трамптың екінші президенттік мерзімі кезінде Авраам келісіміне қосылған алғашқы мемлекет болды.

АҚШ президенті Дональд Трамп Израиль премьер-министрі Биньямин Нетаньяху және Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен телефон арқылы сөйлескеннен кейін, Қазақстанның Авраам келісіміне ресми түрде қосылғанын хабарлады. Трамптың айтуынша, бұл — «елдер арасындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту жолындағы маңызды қадам».

Ол сондай-ақ көптеген мемлекеттердің осы бастамаға қосылуға қызығушылық танытып отырғанын атап өтті.

«Қазақстан — айрықша ел, көреген басшысы бар мемлекет. Біз бірге бейбітшілік пен өркендеуге бағытталған өзара ынтымақтастықты нығайтып келеміз», — деді АҚШ президенті Дональд Трамп.

Бұл оқиға Батыс және Орталық Азиядағы АҚШ дипломатиясының дамуындағы жаңа қадам болды.

Салтанат Тойболова,
«Айғақ» телеарнасының АҚШ-ғы тілшісі

Шымкент қаласында тұрғындардың пікірін тікелей ескеруге бағытталған жаңа жоба іске қосылды.

Қала әкімі Фабит Сыздықбековтің бастамасымен қолға алынған «Шымкентті дамытуға халықтың үлесі» жобасы тұрғындарға қаланың дамуына өз ойы мен ұсынысын тікелей жеткізуге мүмкіндік береді.

Қала әкімінің халықпен кездесуі мен шаһарды аралауы барысында тұрғындардан көптеген ұсыныс пен бастамалар түсіп жатады. Енді бұл пікірлер арнайы жүйе арқылы қабылданады.

Жобаны жүзеге асыру аясында алдағы уақытта қоғамдық орындар мен

“ШЫМКЕНТТІ ДАМУҒА ХАЛЫҚТЫҢ ҮЛЕСІ” ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

пен кездесуі мен шаһарды аралауы барысында тұрғындардан көптеген ұсыныс пен бастамалар түсіп жатады. Енді бұл пікірлер арнайы жүйе арқылы қабылданады.

Жобаны жүзеге асыру аясында алдағы уақытта қоғамдық орындар мен

автобустарда QR-кодтар орнатылады. Сол арқылы тұрғындар қаланы дамытуға қатысты өз идеялары мен ұсыныстарын оңай жолдай алады.

Фабит Әбдімәжитұлының сөзінше, бұл жоба — әр азаматқа Шымкенттің дамуына жеке үлес

қосып, оң өзгерістердің бір бөлігі болуға мүмкіндік береді. Түскен барлық ұсыныс мұқият қаралып, ең өзекті әрі пайдалы бастамалар нақты жүзеге асырылады.

Бұл бастама — әкімдік пен халық арасындағы ашық диалогты нығайтуға және қаланы дамытуға күш жұмылдыруға бағытталған нақты қадам.

«Айғақ»-ақпарат.

ЕЛІМІЗДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА АВИАОТЫН ӨНДІРЕТІН ЗАУЫТ САЛУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАНДЫ

Премьер-министр Олжас Бектемов америкалық LanzaJet компаниясының бас атқарушы директоры Джимми Самарицен, коммерциялық қызмет жөніндегі вице-президенті Стефан Тионмен өнеркәсіптік және технологиялық серіктестікті дамыту мәселелері бойынша кездесу өткізді, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Экологиялық таза авиаотын өндіру жөніндегі бірлескен жобаны жүзеге асыру үшін озық технологияларды локализациялау перспективалары қаралды. Атап айтқанда, Қостанай облысы Рудный қаласында авиациялық SAF (Sustainable Aviation Fuel) отынын өндіретін зауыт салу жобасы талқыланды.

LanzaJet — шикізаттың әр түрінен, соның ішінде органикалық (дән, жүгері, картоп және т.б.) заттардан алынған этанолдан экологиялық таза SAF авиаотынын өндіру технологиясын әзірлеп шыққан компания. Болашақ кәсіпорынның қуаты жылына 54 мың тонна авиаотын және 100 мың тонна биоэтанолдың қайта өңделген түрлерін өндіруге жетеді. Бүгінгі таңда зауыттың техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) әзірлеу жұмыстары аяқталды.

Жоба «жасыл» авиацияны дамытуға және АӨК-те тереңдетіп өңдеуге бағытталған. Биоотын өндірісі парниктік газдар шығарындыларын азайтуды қамтамасыз етеді, бұл Қазақстанның климаттық және энергетикалық күн тәртібінің негізгі басымдықтарына сәйкес келеді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда халықаралық әуе хабын құру міндетін қойды. Әуежайлардың әлеуетін кеңейту және инфрақұрылым құрумен қатар, саланы сапалы өрі экологиялық таза авиаотынмен қамтамасыз ету мәселесі маңызды. Біз ынтымақтастықты нығайтуға дайынбыз. Үкімет бұл жобаға жан-жақты қолдау көрсетеді», — деп атап өтті Олжас Бектемов.

Кездесуге қатысушылар Қазақстандағы тұрақты авиациялық отын (SAF) өндіру жөніндегі жобаның негізгі бағыттарын егжей-тегжейлі қарастырды. LanzaJet компаниясының басшылығы тарапынан жобаны бірлесіп жүзеге асыру үшін интеграцияланған құрылым құру мүмкіндігін қарастыру ұсынылды.

Primeministr.kz

ТҮРКІСТАН МЕН САМАРҚАНД: ТУРИЗМДІ БІРЛЕСЕ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МЕМОРАНДУМ ЖАСАЛДЫ

Самарқанд қаласы. Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров бастаған өңір делегациясы Өзбекстан Республикасына жасаған жұмыс сапарының қорытынды кезеңінде Самарқанд облысының басшылығымен маңызды келісімге қол қойды. Екі өңір арасындағы туризм, мәдениет, білім және инвестиция бағыттарындағы ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған Меморандумға Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров пен Самарқанд облысының хокімі Әдіз Бобоев қол қойды.

Кездесу барысында тараптар ғасырлар бойғы тарихи және рухани сабақтастықты жаңғырта отырып, екі өңірдің туризм саласындағы әлеуетін біріктірудің маңыздылығын атап өтті.

— Түркістан мен Самарқанд арасында ежелден терең мәдени және рухани байланыс бар. Бұл екі өңір Ұлы Жібек

жолының бойында орналасып, шығыс пен батысты жалған алтын көпір іспетті. Ежелден ғалымдар мен ағартушылардың, шеберлер мен саяхатшылардың тоғысқан мекені болған осы өлкелер бүгінде туризм мен мәдениеттің жаңа дәуіріне қадам басуда, — деді Нұралхан Көшеров өз сөзінде.

Облыс әкімі қазіргі уақытта Түркістан мен Самарқандтың туризм саласындағы мүмкіндіктерін біріктіру арқылы аймақаралық байланыстарды жандандыруға, шекарааралық туристік бағыттар мен мәдени іс-шараларды көбейтуге ерекше назар аударылатынын айтты.

— Біз бірлескен туристік өнімдер әзірлеуге, қолөнер және гастрономия фестивальдерін өткізуге, мәдениет күндерін ұйымдастыруға, халықаралық деңгейде ортақ маркетингтік жобаларды жүзеге асыруға мүдделіміз. Түркістан мен Самарқанд арасындағы тікелей

әуе рейсінің ашылуы — осы бағыттағы серіктестіктің нақты нәтижесі, — деді өңір басшысы.

Меморандум аясында екі облыс туристік топтар алмасу, бірлескен жарнамалық науқандар өткізу, туризм мамандарын даярлау және инвестициялық жобаларды ілгерілету бағыттарында нақты іс-шаралар жоспарын жүзеге асыратын болды.

Самарқанд облысының хокімі Әдіз Бобоев өз кезегінде Түркістанмен әріптестік орнатудың маңыздылығын атап өтіп:

— Біздің аймақтарымыздың тарихи тағдыры мен мәдени құндылықтары ортақ. Бірлесе әрекет етсек, туризм саласында үлкен жетістіктерге жетеміз. Самарқанд пен Түркістанның ынтымақтастығы тек экономикаға ғана емес, халықтарымыздың бауырластығын нығайтуға да қызмет етеді, — деді.

(Жалғасы 3-ші бетте)



ІЛЕ ӨЗЕНІНІҢ ЖАҒАЛАУЫНДА ЖАҢА ТУРИСТІК КЛАСТЕР ДАМУЫҒА БАҒЫТТАЛҒАН АУҚЫМДЫ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Жоба аясында «Көшпенділер қаласы» кешенін қайта жаңарту, Таңбалы Тас археологиялық ескерткішіне қарай жаяу жүргіншілер үшін көпір салу және заманауи туристік инфрақұрылымы бар демалыс аймағын абаттандыру көзделген. Аталған аумақта глэмпинг аймақтары, демалыс орындары мен қоғамдық тамақтану нысандары салынбақ, деп хабарлайды өңір әкімдігі.



«Көшпенділер қаласы» кешені бүгінде туристер мен шығармашылық жұымдар арасында үлкен танымалдыққа ие. «Бұрын бұл нысан тек декорациялық алаң ретінде пайдаланылып, уақыт өте келе бастапқы келбетін жоғалта бастаған еді. Туристердің қызығушылығы артқан сайын біз оны жаңа форматта жаңғыртуды — заманауи инфрақұрылымы бар толыққанды туристік орынға айналдыруды жөн көрдік.

МЕМЛЕКЕТ МҮЛКІ ЕНДІ TAPSYRU МАРКЕТПЛЕЙСІНДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ

ОКҚ алаңында өткен бас-пасөз мәслихатында ҚР қар-жы вице-министрі Әсет Тұ-рысов ведомство жүзеге асы-рып жатқан цифрлық жобалар туралы айтты. Атап айт-қанда, «Тауарлардың ұлттық каталогы» мемлекеттік деректер базасы құрылуда. Оған қазірдің өзінде 15 млн тауар енгізіліп, ел бойынша бірнеше сауда желісі қосылды. Спикер қазір мемлекеттік сатып алу, кеден, статистика, чектер және электрондық шот-фактуралар саласында көптеген түрлі анықтамалық қолданылатынын атап өтті. Бұл қайталануға, сәйкессіздіктерге әкеледі және тауарларды есепке алуды қиындатады. Бұл мәселені шешу үшін барлық анықтамалықты біртұтас жүйеге біріктіретін мемлекеттік дерекқор өзірленуде.

«Бүгінгі таңда «Анвар», «Magnum», «Small» сауда желілері бізбен пилоттық режимде жұмыс істеуде. Әр чекте тауардың атауы және оны өндіруші пайда болады. Деректер базасына 15 млн тауар енгізілді. Жыл соңына дейін тауарлар санын көбейтуді жоспарлап отырмыз. Біз барлық саланы қамтымақпыз. Сонымен, ашықтықты қамтамасыз етіп, бағаларды талдай аламыз. Каталогты модерациялау кезінде жасанды интеллектіні қолданамыз», – деп түсіндірді Әсет Тұрысов.

Кеден саласында «Keden» ақпараттық жүйесі енгізілуде, ол бұрын қолданыста болған «Астана-1», Бірыңғай терезе мен ТАИС ақпараттық жүйелерін алмастырады. Қазір 49 интеграция іске асырылды, 357 мың кедендік декларация

Қазіргі таңда “Көшпенділер қаласына” ай сайын шамамен 500 адам, ал Танбалы Тасқа жыл сайын 4 мыңға жуық турист келеді. Мұндай бастамалар ішкі туризмнің дамуына тың серпін береді. Біз табиғаттың сұлулығы, тарихи мұра және заманауи жайлылық тоғысқан бірегей кеңістік қалыптастырып жатырмыз. Бұл жоба бизнестің дамуына және өңір экономикасының өсуіне үлес қосатынына сенімдімін», – деді аумаққа жұмыс сапарымен келген Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев.

Қазіргі уақытта инфрақұрылымды дамыту жұмыстары басталды. «Көшпенділер қаласына» дейін ұзындығы 7 шақырым болатын жаңа жол салынып жатыр. Жоба аясында жол бойын жарықтандыру және автотұрақ салу қарастырылған. Құрылысты биылғы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

025 жылы Алматы облысындағы ұлттық парктерге 700 мыңнан астам турист келген. Ал жыл басынан бергі алғашқы жартыжылдық қорытындысы бойынша өңірге келген туристер легі 30%-ға өсіп, оның ішінде ішкі туризм 1 млн адамнан асты.



шығарылды. Мемлекеттік қолдау шараларының барлығы «Baqlauda» ақпараттық жүйесіне біріктіріледі.

Әсет Тұрысовтың айтуынша, бұрын елде мұндай тізілім болмаған. Енді «Даму»-дан бастап ауыл шаруашылығы саласындағы жобаларға дейінгі барлық институт жаңа жүйеге біріктіріледі. Болашақта бюджеттік мемлекеттік жоспарлау кезінде мемлекеттік қолдаудың қандай да бір шарасының тиімділігі ескеріледі. Сонымен қатар Қаржы министрлігі Tapsyru мемлекеттік мүлік маркетплейсін іске қосты.

«Елде мемлекеттік мүлік өте көп. Кейде мемлекеттік органдар кейбір мемлекеттік мүлік туралы тіптен білмеген. Сондықтан біз оларды цифрландырдық. Бұл – 20 млн нысан. Егер белгілі бір ғимарат қажет болса, оны сатып алуға болмайды, бірақ басқа мемлекеттік орган босатқан нысанды ұсынуға болады. Мемлекеттік органдардың өкілдері де сайтқа кіріп, мүлікті бақылай алады. Егер қандай да бір мемлекеттік органда жеке мүлкі болса немесе аукционға қойылған болса, мемлекеттік орган оны өзіне алып, электрондық форматта теңгерімге қоя алады. Сондай-ақ біз мемлекеттік мүлікті қолданудың тиімділігін көрсететін ЖИ мүмкіндіктерін пайдалануды жоспарлап отырмыз», – деп толықтырды Әсет Тұрысов.

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Жамбыл облысының



тұрғындарымен есептік кездесу өткізіп, вегетация кезеңінің қорытындысы жайлы және өңірде атқарылып жатқан жұмыстар мен министрліктің алдағы жоспарлары туралы баяндады, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

2028 жылға дейінгі су саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспарға сәйкес, Жамбыл облысында 10 жаңа су қоймасы салынып, жұмыс істеп тұрған 3 су қоймасы реконструкциядан өтеді. Сондай-ақ 45 гидротехникалық нысанға көпфакторлы зерттеу жүргізу жоспарланған.

Келесі жылы Ақмола және

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА ЕКІ ЖАҢА СУ ҚОЙМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛАДЫ

Қалғұты су қоймаларының құрылысын бастау жоспарланып отыр. Сонымен қатар Теріс-Ащыбұлақ және Қарақоңыз су қоймалары реконструкциядан өтеді. Ал облыс әкімдігі 7 жаңа су қоймасының жобалау-сметалық құжатын әзірлеумен айналысып жатыр.

Қазіргі уақытта Ислам даму банкінің қолдауымен ұзындығы 415 шақырым болатын 76 каналды жаңғырту жобасы әзірленіп жатыр. Бұл шара 24 877 гектар жерге су жеткізуді жақсарттады.

Сонымен қатар өңірде 23 суару каналын реконструкциялау

жобасы аяқталуға жақын. Нәтижесінде 19 746 гектар егістік алқапқа су беру жақсарады. Биылдың соңына дейін ұзындығы 103 шақырымнан асатын 5 каналды реконструкциялау жобасын аяқтау жоспарланып отыр.

«Су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту – Мемлекет басшысының министрлікке жүктеген негізгі міндеттердің бірі. Ел бойынша гидротехникалық нысандарды салу және реконструкциялау жоспарын іске асыру үшін жеке инвестициялар тартылуда. Сонымен қатар су ресурстарын басқаруды автоматтандыру және цифрландыру саласында жетекші компаниялармен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Дегенмен суды үнемдеуге тек мемлекет қана емес, тұтынушылардың өздері де үлес қосуы қажет. Ол үшін су үнемдейтін технологияларды енгізіп, ылғалды аз қажет ететін дақыл түрлерін өсіруге көшу маңызды», – деді су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

АЛҒАШ РЕТ ҚАҒАЗ ҚҰЮ ӘДІСІ ТӘЖІРИБЕГЕ ЕНГІЗІЛЕ БАСТАДЫ

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығында көне кітаптар мен қолжазбаларды қалпына келтіру ісінде қолмен қағаз құю әдісі тәжірибеге енгізіле бастады. Бұл тәсіл түпнұсқа қағаздың құрамына барынша сәйкес келетін жаңа қағаз түрін жасауға мүмкіндік бере отырып, реставрация барысында жоғалған беттер мен бөліктерді толықтыру үшін қолданылады, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Қолмен қағаз құю реставрациядан қалған қағаз қиындылары мен жарамсыз қағаздарды қайта өңдеу технологиясы арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ мамандар шетелден алдырылған қағаз массасымен тәжірибе жасап көрді.

Талшықты суспензиядан (пульпа) парақ қалыптастыру процесі барысында арнайы сүзгі формасында қағаз массасы біркелкі жайылып, табиғи түрде кептіріледі. Бұл әдіс XIII–XIV ғасырларда Еуропа мен Азияда қолданылған дәстүрлі технологияларға негізделген.

Қағаз дайындау барысында мақта, целлюлоза, зығыр немесе сора талшықтарынан арнайы масса әзірленіп, су қосу арқылы біртекті пульпа күйіне келтіріледі. Қалыпқа салынған пульпа сүзілген соң, артық су алынып тасталып, ылғал масса арнайы престо сығылады және табиғи жағдайда кептіріледі. Қажет болған жағдайда дайын парақтар метилцеллюлозамен желімделіп, ағат тасы арқылы жылтыратылады.

Дайын өнімдер реставрациялық жұмыстарда – жыртылған парақтарды қалпына келтіру, жоғалған бөліктерді толықтыру, сондай-ақ уақыттың өсерінен зақымданған кітаптар мен қолжазбаларды жаңғырту үшін пайдаланылады.

Қолмен қағаз құю әдісінің енгізілуі ұлттық мәдени мұраны сақтау ісінде маңызды қадам. Бұл тәсіл көне жазба ескерткіштердің өмірін ұзартуға, сондай-ақ дәстүрлі технологияларды қазіргі заман талаптарына сай жаңғыртуға бағытталған.



ШАРУАШЫЛЫҚ - АУЫЗ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУДЫҢ 40%-Ы ЖЕРАСТЫ СУЛАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Қазақстанда ауыз су және техникалық сумен жабдықтау, суару және басқа да мақсаттар үшін пайдаланылатын 4803 жерасты су кен орны барланды. Мемлекеттік баланста тәулігіне 43,2 млн текше метр пайдалану қорлары есептеледі, оның ішінде тәулігіне 1,5 млн текше метрі ғана пайдаланылады. Мақсаты бойынша шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін тәулігіне 21,2 млн текше метр, өндірістік-техникалық сумен жабдықтау үшін тәулігіне 2,4 млн текше метр, жерді суару үшін тәулігіне 19,6 млн текше метр барланды. Барлық қор толығымен пайдалануға дайын және табиғи жолмен толтырылады. Бұл туралы ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің Жерасты сулары департаментінің директоры Жайық Ерікұлы ОКҚ брифингінде айтты.

Оның мәлімдеуінше, қазір тұщы жер асты суларының шамамен 68%-ы Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарының оңтүстік өңірлерінде шоғырланған. Ақтөбе облысы қорлармен толық қамтамасыз етілген, ал, Атырау, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстары тапшылыққа жатады.

«Жалпы ел бойынша шаруашылық-ауыз сумен жабдықтаудың 40%-ы жер асты суларымен қамтамасыз етіледі. Өндірістік-техникалық сулар қоры тәулігіне 2,4 млн м3 құрайды, оның тек 30-35%-ы ғана пайдаланылады. Негізгі аймақтар: Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Маңғыстау облыстары», – деді спикер.

Жер асты суларының жалпы пайдалану қорларынан (тәулігіне 43,2 млн м3), суару мақсатында тәулігіне 19,6 млн м3 барланды, бұл жылына 7,7 млрд м3 құрайды. Сонымен қатар жер асты суларын суару үшін нақты пайдалану тек 0,7% құрайды, бұл пайдаланылмаған үлкен әлеуетті көрсетеді.

Елде 4000-ға жуық бақылау ұңғымаларының жер асты суларын бақылаудың мемлекеттік желісі жұмыс істейді. Олар судың деңгейін, температурасын және сапасын бақылауға мүмкіндік береді. Ұңғымалардың бір бөлігі қалпына келтіруді қажет етеді, осыған байланысты желіні жаңарту және Ұлттық гидрогеологиялық қызмет күштерімен бақылауды күшейту жоспарлануда.

Гидрогеологиялық саланы цифрландыру үшін Қазақстан Республикасының Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесіне мониторингтік және пайдалану ұңғымаларын енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар жер асты сулары мониторингінің заманауи жүйесін енгізу сулы горизонттардың деңгейін, сапасы мен пайдалану режимін ұдайы бақылауды қамтамасыз етеді, теріс өзгерістерді уақытылы анықтауға және олардың алдын алу жөнінде шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Цифрлық басқару жүйесін және бірыңғай ақпараттық дерекқорды құру суды пайдалануды жоспарлаудың ашықтығын, сенімділігін және тиімділігін арттырады.

Бетті жинақтап, дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК.

Түркістан облысында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам жасалды. Облыстың Сайрам және Ордабасы аудандарында үш бірдей жаңа өрт сөндіру бекетінің салтанатты ашылуы өтті. Бұл нысандар “Ауыл құтқарушылары” республикалық бағдарламасы аясында іске қосылып, ауылдық елді мекендердің қауіпсіздік деңгейін жаңа сатыға көтермек.

Жаңа нысандардың екеуі — Сайрам ауданының Қарамұрт және Құтарыс ауылдық округтерінде, ал үшіншісі Ордабасы ауданының Бөген ауылында бой көтерді. Ашылу рәсіміне ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Әрінов, Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров, облыстық ТЖД бастығы, полковник Асқар Төлешев, сондай-ақ аудан әкімдері, ардагерлер мен ауыл тұрғындары қатысты.

Жаңа өрт сөндіру бекеттерінің ашылуы ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз етуге үлкен рөл атқарады. Сайрам ауданындағы Қарамұрт бекеті шамамен 20 мың тұрғынға қызмет көрсетпек. Бұл нысан Қарамұрт, Низамабад және Аққала ауылдарын қамтиды.

Ал Құтарыс ауылдық округіндегі бекет 8 мыңға жуық тұрғыны бар алты елді мекеннің — Құтарыс, Қызылжар, Ақарыс, Оймауыт, Жусансай және Аққойлы ауылдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Құтарыс бекетінің жалпы ауданы 225



шаршы метр, ал құрылысы «OZEN» қоғамдық қайырымдылық қорының қолдауымен жүзеге асқан. Жоба құны — 65 миллион теңге. Қарамұрт бекеті жеке кәсіпкердің қаржылай демеушілігімен салынған, оның жалпы ауданы 300 шаршы метрді құрайды.

Ордабасы ауданындағы жаңа өрт сөндіру бекеті Бөген ауылында орналасқан. Мұнда да заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған, өрт сөндірушілерге жайлы еңбек жағдайы жасалған.

Салтанатты іс-шарада ҚР Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов аймақтың азаматтық қорғаныс жүйесін дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға жоғары баға берді.

АУЫЛ ҚАУІПСІЗДІГІН КҮШЕЙТЕТІН ЖАҢА 3 ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

— Ауылдық жерлердегі жаңа өрт сөндіру бекеттері — тек нысан ғана емес, бұл халықтың өмірі мен мүлкін сақтауға бағытталған нақты қадам. Осындай жобалардың жүзеге асуы ел қауіпсіздігін арттырады, — деді министр.

Өңір басшысы Нұралхан Көшеров өз сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларына сәйкес облыста төтенше жағдайлардың алдын алу және қауіпсіздікті күшейту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

— Соңғы екі жылда облыстың төтенше жағдайлар қызметі үшін 30-ға жуық жаңа техника сатып алынды. Сауран мен Төлеби аудандарында жалпы құны 1 миллиард 612 миллион теңге болатын екі өрт сөндіру бөлімі пайдалануға берілді. Біздің басты мақсат — әрбір ауылдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, — деді облыс әкімі.

Қазіргі таңда Түркістан облысында

«Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында барлығы 32 өрт сөндіру бекетін салу көзделген. Биылдың өзінде олардың бесеуі пайдалануға берілмек.

Жаңа нысандар заманауи техникамен, арнайы көліктермен және байланыс құралдарымен толық қамтамасыз етілген. Тиісті кадрлық құрам бекітіліп, өрт сөндірушілердің қызметіне барлық жағдай жасалған.

Жергілікті тұрғындар мен ардагерлер жаңа бекеттердің ашылуын қуана қарсы алды. Олардың айтуынша, бұған дейін өрт немесе төтенше жағдай кезінде көмек алыстан келетін, ал енді алғашқы минуттарда әрекет ету мүмкіндігі пайда болмақ.

Ауыл ақсақалы Қайыржан Ерімбетовтің айтуынша, «Бұл — халық үшін үлкен қуаныш. Қауіпсіздік пен тыныштық — әрбір шаңырақтың берекесі. Өрт сөндірушілердің еңбегі — нағыз батырлық».

Түркістан облысында іске қосылған жаңа өрт сөндіру бекеттері — ауылдық аймақтардың қауіпсіздігін нығайтудағы маңызды қадам. «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасының арқасында облыс тұрғындарына төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсету жүйесі едәуір жақсарып келеді.

Жаңа нысандардың ашылуы — мемлекет, қоғам және бизнес өкілдерінің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Бұл бастама алдағы уақытта өз жалғасын тауып, Түркістан өңірін қауіпсіз өрі өмір сүруге қолайлы аймаққа айналдыруға серпін бермек.

ТҮРКІСТАН МЕН САМАРҚАНД: ТУРИЗМДІ БІРЛЕСЕ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МЕМОРАНДУМ ЖАСАЛДЫ



Сапар барысында түркістандық делегация Самарқандтағы Туризм академиясына барып, жергілікті туроператорлармен және оқу орындарының өкілдерімен кездесті. Кездесу кезінде тараптар туризм саласындағы кадр даярлау жүйесін жетілдіру және студенттер мен мамандар арасында тәжірибе алмасу бағдарламаларын жүзеге асыру жөнінде уағдаласты.

Бұдан бөлек, делегация мүшелері «Silk Road Samarkand» туристік кешенінде болып, кешеннің инфрақұрылымы мен халықаралық туризм тәжірибесімен танысты.

Түркістан облыстық туризм басқармасының басшысы Нұрділет Медеуов кездесуде өңірдің туристік әлеуетін таныстырып, Түркістанның киелі нысандары мен мәдени бағыттарын қамтитын жаңа жобалар туралы баяндады.

Соңғы жылдары Түркістан өңіріне келетін туристер саны айтарлықтай артқан. 2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша облысқа 830 мыңнан астам турист келген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13 пайызға көп.

Айта кетерлігі, туристердің ішінде Өзбекстаннан келуші-

лердің үлесі едәуір өсіп отыр. 2024 жылы облысқа 12,5 мың өзбекстандық саяхатшы келген болса, биыл бұл көрсеткіш 26 мыңнан асып түскен.

Сапар соңында тараптар өңіраралық байланыстарды дамыту және екі облысты біртұтас туристік кеңістік ретінде ілгерілету бағытында ынтымақтаса жұмыс істеуге келісті.

Түркістандық делегация Самарқанд қаласының тарихи және мәдени нысандарында болып, Регистан алаңы, Өмір Темір кесенесі, Ұлықбек медресесі сияқты әлемге әйгілі ескерткіштермен танысты.

Бұл сапар — түркі өркениетінің қос орталығы саналатын Түркістан мен Самарқанд арасындағы мәдени және экономикалық байланыстардың жаңа кезеңін бастаған маңызды қадам болды.

Түркістан мен Самарқанд — түркі әлемінің рухани астаналары саналады. Екі қала да ЮНЕСКО Бүкіләлемдік мұра тізіміне енген тарихи нысандарымен танымал. Ортақ жобалар жүзеге асқан жағдайда, екі өңірдің туристік әлеуеті аймақтық деңгейден халықаралық деңгейге көтеріледі деп күтілуде.

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

Түркістан облысында индустрияландыру мен инвестиция тарту бағытындағы жүйелі жұмыстар өз нәтижесін беруде. Соның жарқын мысалы — Арыс қаласында бой көтеріп жатқан жаңа өндірістік парк. Бұл жоба өңірдің кәсіпкерлік әлеуетін арттырып, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға елеулі үлес қосады деп күтілуде.

Қазіргі таңда Арыс–Отырар тас жолы бойында орналасқан өндірістік аймақта қарқынды құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жоба аясында жалпы аумағы 1,44 гектарды қамтитын өндіріс алаңында жер тегістеу, инженерлік инфрақұрылым тарту және өндірістік ғимараттардың іргетасын қалау жұмыстары жүруде.

Арыс қаласының әкімі құрылыс нысанында болып, жұмыстардың барысымен танысты. Әкім жауапты мердігерлерге құрылыс қарқынын бәсеңдетпей, жұмысты сапалы өрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

— Бұл жоба қаланың экономикалық дамуына серпін беріп қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Инвестиция тарту арқылы біз шағын және орта бизнесті қолдап, жергілікті өндіріс базасын күшейтеміз, — деді қала басшысы.

Жоба толық іске асқанда, мұнда 30-дан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ. Бұл, әсіресе, өңір тұрғындары үшін әлеуметтік маңызы зор бастама болмақ.

Арыс өндірістік паркі бес түрлі бағыттағы жобаларды қамтиды. Олардың әрқайсысы өңірдің экономикалық құрылымын өртендіруде бағытталған:

1. Термопанель өндірісі — заманауи құрылыс материалдарын шығарып, тұрғын үй

АРЫС ҚАЛАСЫНДА БЕС БАҒЫТ БОЙЫНША ЖАҢА ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ САЛЫНЫП ЖАТЫР



және әлеуметтік нысандар құрылысына арзан өрі сапалы өнім ұсыну.

2. Пластик есік-терезе жасау цехы — құрылыс нарығына қажетті өнімдерді жергілікті деңгейде өндіру арқылы импортты алмастыру.

3. Жи»аз өндірісі — тұрмыстық және кеңсе жиһаздарын шығару арқылы шағын кәсіпкерлікті дамыту.

4. Бақша өнімдерін терең өңдеу — маусымдық ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеп, дайын тағам мен консерві түрінде өткізу, экспортқа шығару мүмкіндігін кеңейту.

5. Тротуар плиталары мен бордюр бұйымдарын өндіру — қала инфрақұрылымын жақсарту және құрылыс саласына сапалы өніммен қамтамасыз ету.

Бұл бағыттардың барлығы жергілікті шикізат базасына сүйеніп, өңірде қосымша құн тізбегін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Индустриялық даму — өңірдің болашағы
Жобалардың жалпы құны 215 миллион теңгені құрайды. Қаржының негізгі бөлігі жеке инвесторлар мен кәсіпкерлердің есебінен жүзеге асуда. Бұл мемлекеттік және жеке серіктестік тетіктерін тиімді қолданудың нақты көрінісі.

Арыс қаласында соңғы жылдары индустриялық аймақтар мен шағын өндіріс орындарын

дамытуға басымдық берілуде. Инженерлік инфрақұрылым жүйелерінің тартылуы, логистикалық артықшылықтар мен инвесторларға арналған жеңілдіктер өндіріс орындарының көбеюіне жол ашты.

Мамандардың айтуынша, жаңа өндірістік парк іске

қосылған соң, қалада тауар айналымы мен жергілікті бюджеттің кірісі артады, сондай-ақ жаңа кәсіпорындар үшін кластерлік орта қалыптасады.

Түркістан облысы бүгінде кәсіпкерлікті қолдау мен инвестициялық климатты жақсарту бағытында республика бойынша алдыңғы қатарда. Облыста құрылыс материалдары, ауыл шаруашылығы өнімдері және жеңіл өнеркәсіп бағыттарында жаңа жобалар жүзеге асуда.

Арыс қаласындағы өндірістік парк те осы бастаманың жалғасы болмақ. Онда шығарылатын өнімдер тек ішкі нарықты ғана емес, көршілес өңірлер мен шетел нарығына да жеткізілуі көзделуде.

Арыс қаласында салынып жатқан жаңа өндірістік парк — Түркістан облысының индустриялық әлеуетін арттыруға арналған маңызды қадам.

Бұл жоба өңірдің экономикалық картасында жаңа өндіріс орталығын қалыптастырып, кәсіпкерлікті дамытуға, жұмыссыздықты азайтуға және халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға үлес қосады.

Қазіргі таңда Түркістан облысында 12 индустриялық аймақ жұмыс істейді. Онда жалпы құны 200 млрд теңгеден асатын 100-ден астам жоба жүзеге асырылып, 6 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған.

**Бетті дайындаған:
Арайлым ӘБСАҒАТ.**

ЕСТЕЛІК



ная икра, индийский чай, армянский коньяк и т.д. Мен: -Рахмет, қызыл уылдырық қоссаңыз жақсы болар еді-дегеніме, -ол да болады-деп, қуанып кетті. - Ертең бақылау комитетінің отырысы өтсін, Сізге жай ескерту жасаймыз, сосын жаңағы сыйлықтарыңызды аламын-дегеніме сенді білемін. Халықтық бақылау комитеті:-қызметін өрескел пайдаланғаны және заңды бұзғаны үшін Столеров қызметінен

Ли И. зауыттағы қазақ жастарының қызыметін жоғарлатпады, енді оның орнына шәкірті Заборцев директор. Қазақ жастарының жолы тағы кесілетін болды. Зауыд партия комитетіне хатшылыққа сені лайық деп санаймыз, келісімді бер-деп тоқтады. Келісім бермедім. Зауыд директорымен тең сөйлесуге қабілетін жетеді, келісімді бер-деп аяқтады. Қайсар мен Мыңжасар да өз пікірлерін айтып, менің келісім

НҰРБЕК ТӨКЕЕВ

босатылсын-деген шешім шығаралы. Қамқоршыларынан тиісті көмек болмайтынын сезген Столяров жұмыстан босап, басқа өлкеге көшіп кетеді. Т.Урумовтың жаңадан салынған үйін Жезқазған мыс қорыту зауыдының балқытушылар бригадиріне бергізді. Бұл Нұрбектің әділдік жолында жасаған жұмыстарының бір парасы еді.

Жезқазған облысының бірінші басшысы Н.Давыдовтың қазақтан шыққан іскер азаматтарды негізсіз орындарынан босатып (Аханов, Абаханов, Айтқұлов т.б), олардың орындарына өзінің жандайшаптарын тағайындағанын, күнделікті ішетін ауызсуды Ұлытаудан арнайы көлік жіберіп алдыратынын және басқа кемшіліктерін қатты сынаға алып, конференциялар мен кездесу жиындарда жасқанбай мінбеден айтып жүрді. Бүкілодақтық «Правда» газетіне Нұрбектің жанкештілігімен Н.Давыдовтың жіберген қателіктерін сынаған мақала жарық көрді. Ол кезде партияның басылымында жарияланған сын мақаладан кейін басшының қызметінде қалуы екіталай болатын. Жалғанды жалпағынан басқан Н.Давыдов жылы орнынан болсап, Мәскеуге көшіп кетті. Басшылар тарапынан жасалған келеңсіздіктердің бетін ашып, жария еткен Нұрбек Төкеевтің тұрғындар арасындағы абыройы жоғары болды. Халық оған сенді. Қатып қалған жүйемен күресу оңайға түспейтінін, оны жеңу үшін қандай қайрат, жігер, төзімділік керек десеңізші. Өзінің ісіне нық сенген Нұрбек жеңіп шықты. Әрине, оның қасында қоғамдық ұйымның белсенді мүшелерінің қолдауы демеу болғаны анық. Сол кездері, Нұрбек бастаған халықтық бақылау комитетінің белсенді мүшелері Линар Бикаев, Қайрат Мейірбеков, Алексей Востриков, Зинаида Сизова, Сапар Аубакиров т.б азаматтардың есімдері аймақ жұртшылығына танымал бола бастады.

1988 жылдың күз айында әр деңгейдегі партия ұйымдарының есеп-беру сайлау жиналыстарының науқаны бас-талды. Бір күні Жөкең бастаған біртоп достар (Жамбыл, Қайсар, Нұрбек, Мұханбет) менің жұмыс орныма келді. Олардың жөй келмегенін іштей сездім, бірақ маған тікелей байланысты екенін кейін түсіндім. Сөзді Жөкең бастады: - Төлеген, жақында зауытта партия ұйымының жиналысы болады, сені сол жиналысқа шақыруға келдік-деп бір тоқтады. Мен, Сочидегі шипажайға жолдама және самолетке билет алғанымды алға тартып, жиналысқа қатынаса алмайтынымды айттым. Жөкең сөзін былай жалғастырды: - өзің білесің, кезінде көп жылдар директор болған

беруімді қалады. Достарымның ұсынысын қабыл алдым. Қазанның 12 күні Жезқазған мыс қорыту зауыдына келіп, коммунистер жиналысына қатынастым. Жиналыста Жөкең қасымда отырды. Завод партия комитетінің хатшылығына 11 үміткер түстік, барлығымыз бағдарламамызды жариялап, сұрақтарға жауап бердік. Жабьқ дауыстың нәтижесі бойынша, жиналысқа қатынасқан 437 коммунистің 67 % дауысын алған мен бірінші турда хатшы болып сайландым. Мыңжасар Айсауытов «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірестігінің партия комитетінің хатшысы болып сайланды.

КСРО Орталық комитетінің Бас хатшысы М.Горбачевтің «демократия, жариялық» ұраны біздің аймақта да нәтижесін бере бастады. 1989 жыл басында Жезқазған мыс қорыту зауыдының директоры мен балқыту цехының басшыларын сайлау жиналыстары өтті. Балама сайлау нәтижесінде Жезқазған мыс қорыту зауыдының директоры болып Төлеген Абдрахманов, ал балқыту цехына Қайсар Телешев сайланды. Шамалы уақыт аралығында атқарылған жұмыстар айтуға оңай болғанымен, жылдар бойы коммунистік жүйенің өктемдігіне қарсы тұруға көпшіліктің құдыреті жетпегені ақиқат еді. Жамбыл Ыбыраев, Нұрбек Төкеев, Мыңжасар Айсауытов, Қайсар Телешев бастаған топқа қаламыздың басқа салаларында қызмет атқаратын, оқытушылар:- Роза Бекжанова, Қазира Жандаулетова, Сәуле Жүнісбекова, Рыскүл және Мұратбек Медетбековтер, Жиенбек Сұлтанов; дәрігерлер-Әбілқас Нұрлыбаев, Тілеубаев; басқа мекемелерден – Болат Дүйсенбаев, Асқар Ермекбаев, Татьяна Шульц, Тілеуберген Кәрсембаев, Сәтбаев қаласынан Мұзараф Аханов, Қуаныш Ахметовтер қосылды. Күн өткен сайын «неформалдардың» қатары көбейді. Көкірегі ояу, алғыр әрі принципшіл Нұрбектің «неформалдардың» арасында беделі жоғары еді. Оның тұжырымды ұсыныстары, ақыл-кеңестері өте қажет болды, әрі қолдау табатын.

1989 жылыдың қараша айында жергілікті жерлерде депутаттар сайлауына дайындық басталды. «Неформалдардың» бейресімі штабын Нұрбек басқарды. Жезқазған облыстық және қалалық сайлау округтеріне депутаттыққа үміткерлердің тізімі жасалып, кім, қандай сайлау округінен түсетінін ақылдаса отырып шешілді. «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірестігінің Бас директоры Т.Урумовқа қарсы, Нұрбектің ұсынысымен, жөндеуші-слесарь А.Мазуркевич бір округтен түсті. Жезқазған қалалық партия

комитетінің 1-ші хатшысы Ә.Сүлейменовке қарсы Б.Дүйсенбаев Жезқазған облыстық депутаттығына бір округтен түсті. Нұрбектің қарсыласы Жезқазған облыстық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, Алихан Байменов Жезқазған туы газетінің редакторы Сауытбаевтар түсті. Урумов Т., Сүлейменов Ә, Саутбаев тағы басқа мүйіздері қарағайдай басшы қызметкерлер депутаттыққа өтпей қалды. Бұл жолғы сайлауда Нұрбекке қарсы түсуге ешкімнің жігері жетпегені айқын еді. Жезқазған қаласына депутат болып М.Айсауытов, мен, Т.Шульц, З.Сизова, Т.Кәрсембаев, Ә.Нұрлыбаев, С.Жүнісбекова, Ж.Сұлтановтар сайланды. Сайлау әділ өтті. Нұрбек, Болат, Әлихан, Айтжановтар облыстың белсенді депутаттары болды.

Жезқазған қалалық депутаттарының 1-ші сессиясында Ә.Сүлейменов қалалық депутаттар Кеңесінің төрағалығына сайланды, бірақ облыстық депутаттыққа өтпей қалған оның алдағы тағдыры бұлыңғыр еді. Қалалық атқару комитетінің төрағалығына, бір дауыс артығымен сайланған, Ю.Рыбалкин арада екі ай өтпей өз өтінішімен қызметінен босатылды. Оның орнына депутат Т.Қаленов сайланды. Бұл ауыс-түйіске Нұрбектің ықпалы болды. Сол кезеңдегі Заңнама бойынша қалалық Кеңес төрағасын облыс Кеңесінің төрағасы депутаттарға ұсынады. Депутаттардың басым көпшілік дауысын алған тұлға Кеңес төрағалығына сайланады. Ал, төраға өзінің орынбасарлары мен қалалық Конституциялық бөлім басшыларын депутаттардың қолдауынан кейін бекітеді. Облыстың Нұрбек бастаған белсенді депутаттары қалалық депутаттар сессиясына ұдайы қатыналатын.

1990 жылдың қаңтар айында қала басшысы Ә.Сүлейменовтың, кезінде коттеджді заңсыз алғаны туралы соттың шешімі шықты. Өткен жыл аяғындағы сайлау додасы кезінде, Жезқазған мыс қорыту зауыдының сайлаушыларымен болған кездесуде, оның қарсыласы Б.Дүйсембаевтың сенімді өкілі Амантай Ідірісов, Сүлейменовтің коттеджде заңсыз тұрып жатқаны туралы сұрақ көтерген болатын. Оған Сүлейменов:- коттеджді заңды түрде алдым-деген. Сот шешімі бойынша Ә.Сүлейменовтың жеке басының тәртібі Жезқазған мыс қорыту зауыды коммунистерінің жалпы жиналысында талқыланды. Бұрын-соңды, жоғарғы партия комитеті басшысының тәртібін, төменгі партия жиналысында қарамайтын. Бұл да демократияның өсері еді. Көпке ұзамай Ә.Сүлейменов қызметінен босады. Босаған орынға, Жезқазған облыстық партия комитетінде бөлім жетекшісі болып істейтін Мұханбет Жұманазарұлы Көпеевті, облыс партия комитеті ұсынды. Қалалық пленум мүшелерінің қолдауымен М.Көпеев Жезқазған қалалық партия комитетінің 1-ші хатшысы болып сайланды. Ықпалы өлсіреген коммунистік партия басшылары билік тізгінін қолдарында ұстау мақсатында әр деңгейдегі 1-ші хатшы сол аймақтың депутаттар Кеңесін басқаратын. Бұл жазылмаған заң еді. Қаланың билігін қолында ұстау үшін М.Көпеевке енді қалалық Кеңестің төрағасы болуы керек, ол үшін қалаға депутат болып сайлануы тиіс. Шамалы уақыт өткенде, қаламыздағы жетекші партия ұйымының хатшыларын, мыс қорыту зауыдынан- мені, байыту фабрикасынан-Қорғанбеков С., КЦМР –Лақбаев Қайырбек және Т.Нұрбекті Мұханбет кездесуге шақырды. Кездесу барысында ол, қаланың жағдайын жақсарту туралы жоспарымен таныстырды. Толық билік жүргізу үшін қалаға депутат, әрі қарай Кеңес төрағасы болуы керектігін ескертті. М.Көпеевтің қалаға депутат болып сайлануына Нұрбек, Қайырбек және менің ықпалымыз көп болды.

1990 жылдың наурыз айының басында Жезқазған қалалық «Қазақ тілі» қоғамдық ұйымы құрылды, Қоғамның

Нұрбек Жахангерұлы Төкеевпен таныстығым өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының аяғы болатын. Ол кезде мен Алматыдағы политехникалық институтында оқимын. Жазғы демалыс кезінде, өзім жұмыс істеген балқыту цехының конвертор бөлімінде, уақытша жұмыс істейтінмін. Жұмыс уақытында бөлімшенің слесарьлар бригадирі Костя Высоцкий: -Төлеген, ты знаком с нашим новым механиком участка Нурбеком, оказываетеся Вы учились в одном институте-деді. – Жоқ, білмеймін, мүмкін ол ертерек бітірген болар -дегеніме, Он – наш новый механик очень грамотный, деловой, требовательный парень -деп, бас бармағын көрсетті. Тәжірибелі бригадирдің сөзі есімде қалды.

Институтты аяқтап, Жезқазған мыс қорыту зауыдына қайтадан оралған кезім. Нұрбек ол кезде Жезқазған тау-кен металлургия комбинатының партия комитетінде нұсқаушысы болып істейтін. Қоғамдық жұмыстарда, жиналыстарда кездесіп жүрдім. 28-ші шағын ауданда бір аулада тұрдық. Кездескенде сөлеміміз түзу. 1984 жылы Нұрбек Құю-механикалық зауыдына бас инженер болып тағайындалды. Сол зауытта істейтін таныстарымнан Н.Төкеев туралы жақсы лебіздер естіп жүрдім.

1986 жылы Төкеев Нұрбек Жезқазған тау-кен металлургия комбинатының халықтық бақылау комитетіне төраға болып сайланды. Арада шамалы уақыт өткенде мен аталмыш комбинаттың кесіподақ комитетінің төраға орынбасарлығына сайландым. Осы уақыттан бастап қарым-қатынасымыз жиіледі. Жезқазған мыс қорыту зауыдында Жамбыл Ыбыраев бастаған бірқатар азаматтар отбасымызбен араласатынбыз. Мыңжасар Айсауытов, Қайсар Телешев, Ізбасар Садықовтар кезінде Нұрбекпен институтта қатар оқыған және балқыту цехында қатар жұмыс істеген. Арамызға Нұрбек Төкеев, Ерболат Исмаилов, Жұмажан Сүттібаевтар қосылды. Қыс айында, кезекпен, соғымнан бөріміз үйімізден «омыртқа» сыбағасына шақыру заңдылыққа айналды. Арамызда жасы үлкен Жөкең бөріне ұйытқы болатын. Табиғатынан кішпепіл Жөкең үлкенмен де, кішімен де, тіптен балалармен де тез тіл табысып кететін қасиеті ерекше еді. Нұрбектің отбасымен таныстық, жұбайы Гүлжан қазақ келіншектеріне тән жағымды қасиеттерді бойына жинаған, өте кішпепіл, адамгершілігі мол жан екенін бірден таныдық. Жақсы араласып кеттік.

Принципшіл Нұрбек, комбинат директоры Т.Урумовтың өндіріске бөлінген құрылыс материалдарын Кавказда жеке үйлер салуға жіберіп отырғанын және өзіне Жезқазғаннан қымбат материалдардан үй салдырғандарын өшкереледі. Бөрінен сорақысы, алып комбинаттың өндірістік көрсеткіштерін түрлі тәсілдермен бұрмалап «приписка» жасалынғандарын дәлелдеп, баршаға өшкере етуі. Т.Урумов және Жезқазған облысы партия комитетінің 1-ші хатшысы Н.Давыдовтың комбинаттың тамақтану мекемесінен, дүкен сөрелерінде болмайтын дефицит тағамдарды тегін алып тұрғандарын, тексеріп дәлелдеді. Жезқазған тау-кен металлургия комбинатының құрамындағы асханалар, буфеттер-тамақтану мекемесіне (комбинат питания) қарайтын. Тамақтану мекемесінің сол кездегі директоры Столяровтың жеке тәртібін халықтық бақылау комитетінде қарап, жұмысынан босатты. Бірде Нұрбектен:-суға батпайтын, «крышасы» мықты Столяровты жұмыстан қалай босаттың –дегенімде, - ешкімді менсінбейтін ол өзіне тықыр таянғанда, маған жақындайтын жол іздеумен болды. Бірде маған: Нурбек Жахангирович, для Вас подготовил большую коропку с дефицитными продуктами, чер-

төрағасы болып мен сайландым, Басқарма мүшелері болып М.Айсауытов, Н.Төкеев, М.Көпеев, Ж.Сұлтанов, Ә.Нұрлыбаевтар, барлығы 37 адам сайланды. «Қазақ тілі» қоғамдық ұйымының мұрындық болуымен Жезқазғанда алғаш рет Наурыз мейрамы кеңінен тойланды.

1990 жылдың басында ҚазССР Жоғарғы Кеңесіне депутаттар сайлауы басталды. Жергілікті депутаттарды балама сайлаудан ауыздары күйген қала, облыс партия комитеттерінің жетекшілері бұл сайлауға әдепкі күннен бастап қатты араласты. Жоғарғы Кеңеске Жезқазған қаласынан екі сайлау округі (Ғарышкерлер бақжолының солтүстігі және Жәйрем кентінің сайлау учаскелері. Екіншісі, Ғарышкерлер бақжолының оңтүстігі, Талап, Кеңгір, Сарыкеңгір, Промышленный, Теректі сайлау учаскелері). Сәтбаев қаласынан бір сайлау округі. Біз үшін депутаттыққа үміткер ұсынуға кедергілер көп болды, соған қарамастан Жезқазған мыс қорыту заводы ұжымының жалпы жиналысында бірауыздан Жамбыл Ыбыраев ұсынылды. Облыстық партия комитетінен талай құқай көрдім, өйткені олар жұмыскер ұсынылуы керек деп болмады. Егер, Ж.Ыбыраевты тіркемесеңіздер, зауыдқа өздеріңіз келіп, қайтадан жиналыс өткізіңіздер, қалайтын үміткерді ұсыныңыздар- деп тұрып алдым. Қала мен облыс басшыларымен бетжыртыс басталды. Олардың тапқан амалы, зауыттан емес, «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігінің жалпы жиналысында үміткер ұсынылуы керек деп шешті. Оған да көндік. Жалпы жиналысқа тас-түйін дайындықпен келдік, мақсатымыз Жөкеңді қолдау. Жиналыс өтетін күн де келді. Театр ғимаратында өткен жиналысты Мыңжасар Айсауытов жүргізді. Бес үміткер ұсынылды, талқылай келе жиналысқа қатынасқандардың басым көпшілік дауысын алған Жамбыл Ыбыраев депутаттыққа үміткер болып сайланды. Бұл әдепкі жеңіс болатын. Арада екі күн өткенде, Жөкең балама болып, «Қазмысқұрылыс» тіресінің құрлысшылар бригадирі Қалижан Тұрлыбеков ұсынылды. Басшылардың осы үміткерді қолдайтындары айдан анық еді, өйткені Қ.Тұрлыбеков СОКП Орталық комитетінің және Жезқазған облыстық партия комитетінің бюро мүшесі болатын. Екінші округтен депутаттыққа үміткерлер болып С.Төкежанов-түсті металлургия министрі және Жезқазған геологиялық-барлау экспедициясының лаборанты Маркелова тіркелді. Сәтбаев қаласы сайлау округінен үміткерлер болып Т.Урумов, Л.Филоретова, Е.Орынғалиев тағы екі үміткер тіркелді.

Жамбыл Ыбыраевтың сайлауалды штабын мен басқардым, Сауық Төкежановтың штабына Нұрбек Төкеев басшылық жасады. Сәтбаев қаласында Людмила Филоретованың штабына Мұзарф Аханов пен Қуаныш Ахметов жетекшілік жасады. Сайлау науқаны өте тартысты өтті. Т.Сауық ағамыз Жезқазғанға келіп сайлаушылармен кездесулер өткізді. Алматыға қайтар алдында ағамыз Нұрбек екеуімізді «Металлург» қонақ үйіне шақырды. Біраз әңгімесін айттып, бізге: -жігіттер, мен бінеше мәрте депутат болып сайланғанымды өздерің білесіңдер, ал бұл сайлай ерекше. Бұл жолы депутаттыққа өтуім қиын болатынын білемін, егер де өтпей қалсам сендерге ренішім болмайды-деген болатын. Нұрбек сайлауалды штабын жақсы ұйымдастырды, Жәйремге бірнеше мәрте барып, ол жақтағы қолдаушыларға кеңесін беріп жүрді. Екі округтегі сайлауалды жұмысымыз басымыздан асып жатса да, уақыт тауып, көрші Сәтбаев қаласындағы Мүзекең мен Қуаныш басқарған штаб мүшелерімен кездесіп, пікір алмасып тұрдық. Басшылар тарапынан кедергілер көп болғанына қарамастан, атқарылған жұмыстарымыз оң нәтижесін берді. Сайлау қортындысы бойынша 1-ші турдан Жамбыл Ыбыраев

және Сауық Темірбайұлы Төкежанов ҚазССР-нің Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Нұрбек, сайлаушылардың көпшілік дауысын алып, депутат болғанын Сауық ағасына телефон арқалы хабарлады. Өзіне сенбеген Сауық Темірбайұлы: - Нұрбек, рас па, дауысты дұрыс санады ма?-дегеніне, Нұрбек: - аға бәрі дұрыс Сіз депутат болдыңыз-деп қайталады. Ол кісі Нұрбек арқылы барлығымызға рахметін айтты. Барлық достарымыз түнде Жамбылдың үйіне барып, жеңісімізді тойладық. Сәтбаев қаласында көп дауыс алған Т.Урумов пен Л.Филоретова екінші турға шықты. Нұрбек бастаған топ біріңғай Л.Филоретованы қолдап жұмыс жасадық, бұндағы мақсат-Т.Урумовты өткізбеу. Екінші тур қортындысы бойынша жеңіске жеткен Л.Филоретова депутат болып сайланды. Бір кездесуде, ақын, тау-кен инженері Қуаныш Ахметов, Нұрбекке: - Сенің жұмыстарыңа өте разымын, Н.Давыдов пен Т.Урумовтарға қарсы шыққаның, меніңше – танкіге қарсы жалаң қылышпен шыққандай елестетемін- деп күлісіреп, Нұрбектің қолын қысты. Бұл, Нұрбек туралы жалғыз ақынның пікірі ғана емес, басым көпшіліктің пікірі болатын. Нұрбек Жангерұлындай Елім деген азаматпен қатар жүргенімді мақтан тұтамын.

Енді, Жезқазған облысының басшылары мен «Сарыарқаның жарты патшасы» аталған, «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігінің Бас директоры Т.Урумовтар біздерден өшін алуға, мұқатуға тікелей кіріскен еді. 1990 жылдың басында, облыстық партия комитетінің шешімімен «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігінің партия комитетін таратты. Мыңжасар Айсауытов Жезқазған мыс қорыту заводына өндірістік-техникалық бөліміне бастық болып тағайындалды. Мен, Жезқазған мыс қорыту зауыдының сирекметалл цехына бастық болып аустым. Нұрбекке тіптен шүйлікті. Ол басқарып отырған халықтық бақылау комитетін таратып,

оны Нұрбек екуіміз басқардық. Штаб мүшелерінің атынан, митинг өткізуге рұқсат сұраған хатымызды жергілікті билікке тапсырдық. Билік әбден өбігерге түскеніне куә болдық. Облыс, қала басшылары бізді күніне екі мәрте шақырып, митинг өткізбеуімізді талап етті. Біз көнбедік. Штаб мүшелері күнде кешкісін бас қосып, ақылдасамыз. Штаб жиналысына қала пркуроры мен атқару комитетінің төрағалары келіп қатынасып жүрді. Митингіге рұқсат бермеуге амалдары таусылған билік өкілдері, митингінің тақырыбын «Жезқазған қаласының экологиялық ахуалы» деп өзгертуді ұсынды. Көндік. Митингі Жезқазған қаласының орталығындағы «Алғашқы құрлысшылар» алаңында өтетін болып келістік. Ұйымдастырушылар тарапынан митингіде сөйлейтіндердің тізімін қала басшысы сұрады, штабта келісіп, сөз өзгертілген тізімді бердік. Жезқазған қаласының басшысы М.Көпеев мені өзіне шақырып, митингіде билік тарапынан митингіде сөйлейтін адамдардың тізімімен таныстырды, барлығы 15 адам және митингіні Талдыбай Қаланов жүргізетінін хабарлады. Мен: - Мұха, митингі уақыты 1,5 сағат және дыбыс шығаратын аппараты бар көліктің ақысын төледік, митинг ұйымдастырушы біз, ал оны жүгізетін сіздер. Бұл қалай? Штаб мүшелерімен ақылдаспай келісін бере алмаймын-деп, кетіп қалдым. Штаб мүшелерімен ақылдасып бес адамға рұқсат беруге және митингіні Т.Қаленов және мен жүргізетін болып келістік. Митинг уақытылы басталды, тұрғындар көп жиналды. Сахына төрінде, депутаттық төсбелгілерін таққан Қаз.ССР Жоғарғы Кеңес депутаты Л.Филоретова, Жезқазған облысының депутаты Н.Төкеев, қала депутаттары Т.Көрсембаев, Т.Шульц, Ж.Сұлтанов, З.Сизова, А.Матишев, А.Нұрлыбаевтар тұрды. Митингіні Т.Қаленов екеуіміз жүргіздік. Митингіні ұйымдастырушылар тарапынан әдепкі сөзді Н.Төкеевке алды, одан кейін Л.Филоретова, Т.Шульц, штаб

ұйымдастырушыларды тұтқындауды ұсыныпты. Біздің бағымызға митингі бейбіт өтті. Митингі не берді деген сұраққа:

1.Жезқазған қаласында жаңадан тұрғын үйлер құрылыс басталған 91-ші шағын ауданынан әскери бөлімше (локаторлар) көшірілді;

2.Жезқазған қала аумағынан топырақ, су, өсімдіктер мен ауадан нысандар (пробы) алынып, зиянды химиялық элементтердің құрамы мен мөлшері анықталды;

3.Қаланың орталық алаңына радиацияның молшерін көрсетіп тұратын счтчик Гейгера орнатылды;

4.«Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігі, түскен жеке пайда есебінен, жүздеген еңбеккерлеріне арзан бағамен жеңіл автокөліктер алып берді. Күнделікті пайдаланатын азық-түліктерді дүкендерде талонмен берілетін кезеңде, өндіріс орындарында май, қант, құрғатылған сүт т.б тағамдарды жалақы есебінен беруді ұйымдастырды. Соғым уақытында, қарамағындағы екі совхоздан, қызметкерлеріне жарты бағасына жылқы, сиыр, шошқа берілді.

Қазіргі жастар ол кездегі ахуалды көрген жок, сондықтан түсінбеулері мүмкін.

1991 жылы жергілікті газетте «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігінің Бас директоры Т.Урумов және кәсіподақ комитетінің төрағасы Ю.Карцев қол қойған шешімі жарияланды. Онда былай деп жазылған - «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігінің есебінен Ленинград қаласының маңынан, қызметкерлеріне арнап 70 коттедж салу. Шешімді оқып, қаным басыма шапты. Достарыма телефон соғып хабарладым. Нұрбек, Жезқазған мыс қорыту зауыдындағы азаматтардың атынан Жезқазған облысы басшысы мен газет редакциясына шешімді тоқтату туралы наразылық хат жолдау керектігін айтты. Ертеңіне хаттың мәтінін жазып, бір күнде тоғыз жүзден аса жұмыскердің қолдары қойылған хатты айтылған екі адреске тапсырдық. Шамалы уақыт өткенде шешім күшін жойды деген ресімі хабар келді.

Бір күні Нұрбек телефон шалып, менің аулаға шығуымды сұрады, -менің үйге кел дегеніме- жок, далада оңаша сөйлесу керектігін алға тартты. Екеуіміз аулада кездестік. Өңгімені Нұрбек бастады: - Мен, Елдің игілігі үшін, әділетсіздікпен күрестім, ақырында жұмыссыз қалдым, ол аздай партия, кәсіподақ мүшеліктерінен шеттетілдім. Енді Жезқазғаннан көшемін, туған өлкеме барамын-деп тоқтады. Мен, сенің басыңа түскен қиыншылықтарды білемін, бірақ бұны неге айттың-дегеніме, - сен осы жердің тумасысың, сондықтан айтқаным. Нұрбектің маған арнап айтқаны жаныма батты, бірақ көмектесуге шарам болмады. Екеуара біраз әңгімелесіп, тарадық. Түннің жарымына дейін ұйықтай алмадым, сондағы Нұрбек үшін не істеуім керек? деген сұрақ қайта-қайта ойыма орала берді. Ертеңіне, алдынала телефон соғып, Талдыбай Қаленовтың қабылдауына сұрандым, кешкісін қабылдады. Амандық-саулық сұрасқан соң, маған: - қандай шаруан бар-деді. Көп ойланбастан: - Талдеке, сіздің бір орынбасарыңыздың орыны бос қой-дегеніме, - иә, бір орынбасарымның орыны бос, оған алдағы депутаттардың сессиясында Литвиненконы ұсынбақшымын-деді. Литвиненконы сыртынан білетінмін, ол қалалық автокөлік кәсіпорынының директоры болатын. – Талдеке, оның орынына облыстың депутаты Нұрбек Төкеевті ұсыныңыз-дегеніме, ол кандидатураны жоғарғы жақпен келісіліп қойғанын айтты. Үйге қайттым. Кезекті сессия алдында бірқатар депутаттармен

(Жалғасы 8-ші бетте)



жұмыссыз қалдырды. Оны аздық көрген басшылар Н.Төкеев кәсіподақ жарнасын уақтылы төлемеді (ол заманда, қазіргі уақытта да кәсіподақ жарнасын жалақыдан, бухгалтерия айлықтан ұстайтын) деген желеумен мүшеліктен шығарды. Көрсеткен қиянаттары аз болғандай, екі мәрте партия жиналысына қатынаспағандығы үшін коммунист қатарынан шектетілді. Нұрбек басына түскен қиындықтарға шыдады, ешкімге жалынбады, кешірім сұрамады. Бұндай әділетсіздікті азаматтың төресі ғана көтереді.

Жезқазған қаласындағы алғашқы бейбіт митингі. 1990 жылы мамыр айында Жезқазғандық «неформалдар» (билікке қарсы шыққан топтың атауы) ұйымдастыруымен, қаланың тарихында алғаш рет бейбіт митинг өтті. Айтуға оңай болғанымен, кезекті мәрте жергілікті билікпен текетірес болды. Митингі өткізу штабын құрдық,

бекіткен тағы алты адам сөйледі. Билік тарапынан Жезқазған облыстық партия комитетінің хатшысы С.Сапарғалиев, тағы үшеуі сөйледі, бесіншісі сөйлеуден бас тартты. Сөз алғандар билікті қатты сынға алды, кемшіліктер ашық айтылды. Т.Урумовтың жаңдайшаптары микрофонға ұмтылды, бүлік шығарғылары келді, бірақ біздің жігіттер оған жол бермеді. Митингі соңында штаб мүшелері дайындаған Қауылы қабылданды.

Сол кездегі Жезқазған облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы Е.Ежиков-Бабаханов, өзінің активімен митингі өткізуге рұқсат беруді бірнеше мәрте талқылапты. Рұқсат бермесе Занды бұзады, берсе көп былықтың басы ашылады. Не істеу керек-дегенде, актив мүшелері екі топқа бөлінген екен. Біріншісі:-Заң шеңберінде өтсе рұқсат беру керек-десе, екінші топ: - митингіде бүлік шығарып, митингіні

Абай облысы

БОРОДУЛИХА АУДАНЫНДА
КІРПІШ ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Бородулиха ауданының Новопокровка ауылында орналасқан жаңа өндіріс орнының ашылу рәсіміне облыс әкімі Берік Уәли қатысты. Кәсіпорын өңірдегі құрылыс компаниялары мен жергілікті тұрғындарды сапалы, экологиялық таза және бөсекеге қабілетті отандық құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуге бағытталған. Жобаның жалпы құны – 2 млрд теңге. Зауыттың жылдық қуаттылығы – 6 миллион дана керамикалық кірпіш.

Аймақ басшысы зауыттың ашылуы облыс экономикасына тың серпін беретінін атап өтті.

«Бүгін біз өңіріміздің өндірістік келбетінің жаңа тарауын ашқалы отырмыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Қазір ел экономикасында реформалар жүргізіліп жатыр. Инфрақұрылымға және жаңа өндіріс орындарын ашуға қомақты инвестиция салынып жатыр. Мұның бәрі халықтың әл-ауқатын және еліміздің әлеуетін арттыру үшін жасалып жатқаны айдан анық» деп өндірісті дамытудың мақсатын, инвестиция тартудың маңызын айқындап берген болатын. Бүгін өндірісі іске қосылып, өңір тұрғындарының қажеттілігіне қызмет еткелі отырған бұл кәсіпорын жылына шамамен 6 000 000 дана кірпіш өндірімекші. Бұл облыс және аудан тұрғындарының құрылыс материалдарына тапшылығын азайтып, өңір экономикасына септігін тигізеді деп ойлаймын. Аудан экономикасына үлкен қолдауын көрсетіп, осындай ауқымды жобаны жүзеге асырып жатқан жеке инвестор Қайырлы Хасеновке алғыс айтамын. Қазірдің өзінде 65 адам жұмыс істеп жатыр екен. Елу адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Бұл – аудан халқы үшін үлкен көмек. Биылғы мамыр айында облыстың даму жоспарын жариялаған болатынбыз. Осы жоспарға сөйкес Семей қаласында жаңа ықшам аудан құруды қолға алдық. Мұнда көптеген жаңа құрылыс нысандары салынатын болады. Кірпіш зауыты құрылыс материалдарын дайындауға үлкен септігін тигізеді. Сондықтан бүгін жұмысын бастағалы отырған өндіріске сәттілік тілеймін», – деді аймақ басшысы.

«Шыңғыс Тас» ЖШС басшысы Қайырлы Хасеновтың айтуынша, зауыттың технологиялық процесі толық автоматтандырылған және энергия тиімділігі мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану қағидаттарына негізделген. Өндіріс циклы саз балшықты өндіруден бастап, оны кептіру мен күйдіруге дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды. Өнім сапасы ұлттық стандарттарға сай жоғары беріктік пен аязға төзімділікке ие.

«Жұмысымызды қарқынды түрде бастап кеттік. Бір миллион данадан астам кірпішті шығарып қойдық. Қазіргі таңда бірқатар компаниялармен көп қабатты тұрғын үйлер мен мәдениет үйлерін салу жөнінде келіссөз жүргізілуде. Шығыс Қазақстан облысынан да біздің өнімдерімізге сұраныс бар», – деді ол.

Жоба 2024 жылдың сәуір айында басталып, 2025 жылдың қазан айында толық аяқталды. Нысанда барлық құрылыс-монтаждау және іске қосу жұмыстары жүргізіліп, жабдықтар сынақтан өтті.

Биыл облысымызда жалпы құны 7,3 миллиард теңге болатын алты инвестициялық жоба жүзеге асырылып, нәтижесінде 100-ден астам жаңа жұмыс орны құрылды. Жыл соңына дейін құны 18,6 миллиард теңге болатын сегіз жобаны іске асыру жоспарлануда. Бұл жобалар аясында қосымша 271 жаңа жұмыс орны ашылатын болады.

Ақтөбе облысы

ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР ЕСЕБІНЕН
САПЫНЫП ЖАТҚАН БАЛАБАҚША

Нысан ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған, 300 орындық. Құрылысы 2026 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр.

Жоба Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңы негізінде жүзеге асырылуда. Құны шамамен 7,4 миллиард теңгені құрайтын балабақша ерекше балалардың дамуы мен тәрбиесіне қолайлы орта қалыптастыруды мақсат етеді және өңірде инклюзивті білім беруді дамытуға серпін бермек.

Облыс әкімі Асхат Шахаровқа «Казстройподряд» ЖШС өндірістік-техникалық бөлім инженері Нұрсұлтан Қалдымұратов құрылыс аумағы 20 172,73 шаршы метр екенін, жұмыстар белгіленген жоспарға сөйкес жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

«Балабақша жобасы өзгеше. Жоғарыдан қарағанда, гүл пішінінде салынып жатыр, орталық және бес екі қабатты

блоктан тұрады. Қаржыландыру жағынан еш мәселе жоқ. Құрылысшылар күндіз-түні мерзімінде тапсыруға күш салуда», – деді мердігер компания өкілі.

Әр блок орталық атриуммен өткелдер арқылы байланысады. Орталық бөлікке қысқы бақ пен кіреберіс вестибюль орналастырылады. Ал жеке блоктарда түрлі бағыттағы балаларға арналған бөлімдер болады: №1 блок – тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға; №2 блок – көру қабілеті бұзылған балаларға; №3 блок – есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға; №4 блок – зияткерлік дамуында ерекшелігі бар балаларға арналған. Сонымен қатар, медициналық бөлім, изолятор, акт залы, бассейн, өкімшілік және асхана бөлмелері орналасады.

Еске салайық, Ақтөбе облысында 423 ерекше бала балабақшаға мұқтаж. Жақында «Жұлдыз» арнайы балабақшасы жұмысын бастап, 136 ерекше бала қамтылды.

Қызылорда облысы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
МЕН ШВЕЙЦАРИЯНЫҢ
СЕРІКТЕСТІК БАҒЫТТАРЫ

Қызылорда облысы делегациясының Швейцарияға жұмыс сапары аясында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бірқатар ірі инвестициялық компаниялар басшыларымен кездесуді жалғастырды.

Сапардың үшінші күнінде Швейцарияның жетекші инвестициялық құрылымдарының бірі Inoks Capital SA компаниясының өкілі Николас Мэлкимен келіссөз жүргізді.

Кездесуде тараптар ауыл шаруашылығы саласындағы әріптестікті кеңейту, оның ішінде мал шаруашылығын, құрама жем өндірісін дамыту және өңірдің агроөнеркәсіптік әлеуетін тиімді пайдалану мәселелерін талқылады.

Облыс әкімі Қызылорданың инвестиция тартуға қолайлы жағдайларымен, дайын инфрақұрылымы бар индустриялық аймақтардың мүмкіндіктерімен және аграрлық сектордың экспорттық әлеуетімен таныстырды.


Швейцариялық тарап өзара тиімді серіктестік орнатуға және Қазақстан нарығында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық білдірді. Сондай-ақ, облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев швейцариялық Swiss Choice Holding SA компаниясының басшысы Завье Рей мырзамен кездесті. Онда тараптар балық шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты нығайту, ортақ инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады.

Ардақ Темірханұлы Қызылорда облысының агроөнеркәсіптік және балық шаруашылығы саласындағы әлеуетіне тоқталып, өңірде 11 балық өңдеу зауыты жұмыс істейтінін, оның 4-еуі халықаралық стандарттарға сай сертификатталғанын атап өтті. Жыл сайын 5 мың тоннадан астам балық өнімі өңделіп, шамамен 4 мың тоннасы экспортқа шығарылады.

Тараптар бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және ұзақ мерзімді серіктестік орнату мәселелерін талқылады. Қызылорда облысының өкімдігі жобаларды жүзеге асыру үшін инфрақұрылымдық және өкімшілік қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Кездесулер қорытындысымен швейцариялық әріптестер Қызылорда облысына арнайы сапармен келіп, өңірдің өндірістік, аграрлық және табиғи әлеуетімен танысуға шақырылды.

Маңғыстау облысы

АЛҒАШ РЕТ ТҮЙЕ СҮТІН АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН
ӘДІСПЕН САУАТЫН ЦЕХ ТҮПҚАРАҒАНДА


Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қылыбай Түпқараған ауданына жұмыс сапарымен барып, «Қызылсығыра» жерінде орналасқан «Қарағандүбек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің түйе сауу цехының жұмысымен танысты. Бұл – Қазақстандағы түйе сүтін автоматтандырылған

әдіспен сауатын алғашқы цех.

Аталған жоба Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы саласын дамыту және экологиялық таза өнім өндіру бағытындағы тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында іске асырылды.

Заманауи үлгіде жабдықталған цехта түйелерді автомат-

Алматы қаласы

ИНВЕСТИЦИЯҒА ҚАДАМ:
ШАНХАЙДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ИМПОРТТЫҚ КӨРМЕ

Қытай Халық Республикасына жасаған жұмыс сапары барысында Алматы әкімі Дархан Сатыбалды Шанхайда өтіп жатқан халықаралық импорттық көрмеге (China International Import Expo, CIE) барды. Бұл іс-шара жыл сайын әлемнің жетекші компанияларын біріктіретін және сауданы, инвестицияны әрі технологиялық ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін аса ірі халықаралық аландардың бірі саналады.

Қала басшысы алматылық павильонның жұмысымен танысты. Мұнда мегаполистің экспорттық және инвестициялық әлеуетін таныстырған 12 компания өнімдері мен жобаларын ұсынды. Алматылық кәсіпорындар инновация, технология, туризм, тамақ өнеркәсібі және креативті индустрия бағытындағы жобаларын көрсетті.

Дархан Сатыбалды Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ Алматының инвестиция мен жоғары технология орталығы ретіндегі брендині ілгерілетуге бұл көрменің маңызы зор екенін атап өтті.

«Алматы — Қазақстанның ең ірі экономикалық орталығы ғана емес, сонымен қатар халықаралық іскерлік байланыстың маңызды алаңы. CIE сияқты шаралар қаланың әлеуетін таныстыруға және әртүрлі елдерден келген серіктестермен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді», – деді өкім.

China International Import Expo — Қытай Үкіметінің халықаралық сауда мен инвестицияны ынталандыруға бағытталған басты бастамаларының бірі. Көрме жаңа технологиялық шешімдерді ұсынуға, тәжірибе алмасуға және іскерлік келісімдер жасауға арналған әмбебап платформа ретінде қызмет етеді.

Алматы мен қазақстандық компаниялардың CIE алаңына қатысуы Қытай аймақтарымен және инвесторларымен ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ екі ел арасындағы мәдени-экономикалық байланысты дамытуға ықпал етеді.

тандырылған жүйе арқылы сауу қарастырылған. Құрал-жабдықтар Германияда жасалған. Нысан тәулігіне 400 тоннаға дейін түйе сүтін өндіруге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта 100 бас түйеден сүт алынса, болашақта түйе санын 2000 басқа дейін арттыру жоспарланып отыр.

Кәсіпорын толықтай тазартылған ауыз сумен және баламалы энергия көздерімен қамтамасыз етілген. Су 150 метр тереңдіктегі ұңғымадан алынып, сүзгі жүйесінен өтеді. Сондай-ақ қажетті электр қуаты күн панельдері арқылы өндіріледі.

Жобаны іске асыру барысында 15 адам жұмыспен қамтылды, ал цех толық іске қосылғанда тұрақты түрде 10 адам еңбек етеді.

Өңір басшысы жаңа цехтың іске қосылуы аудан экономикасының дамуына және ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтуға оң ықпал ететінін атап өтті.



Открылось наследство

***Открылось наследство после смерти гр. Косолаповой Любовь Никитичны, умершей 12.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Талип Д.А. Туркестан. обл.с.Рыскулова ул.Рыскулова 199.тел. 7.8 702 917 72 13.

***Открылось наследство после смерти гр.Ергешовой Х а й р и н и с и , у м е р ш е й 31.08.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Маханбетовой К.г.Шымкент мкр.Терискей дом 1-9.тел.8 775 196 18 12.

***Открылось наследство после смерти гр.Кравцова Бориса Михайловича, умершего 09.10.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мамыковой Н.Т.г.Шымкент ул.Кабанбай батыра 18/4 тел.8 702 996 27 79.

***Открылось наследство после смерти гр.Куатова Кудайбергена Араповича, умершего 23.08.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумвбековой Э.Б. г.Шымкент ул.Рыскулова 80 тел.8 707 848 38 58.

***Открылось наследство после смерти гр.Юлдашева Умиджана Сайфуллаевича, умершего 25.10.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулейменову А.О. г.Шымкент ул.Жолдасбекова 53/1 тел.8 701 685 85 85.

***Открылось наследство после смерти гр.Ракова Александра Алексеевича, умершего 15.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Досимбековой Т.В. г.Шымкент ул.Иляева 4-81. тел.8 701 717 45 71.

***Открылось наследство после смерти гр.Бикулова Равиль Ринатовича, умершего 03.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Палачевой М.В.г.Шымкент ул.Турысова 51А. тел.8 701 982 44 57.

***Открылось наследство после смерти гр.Кочкарова Улыгбека Илхамовича, умершего 05.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Джанизаковой Н.Р. г.Шымкент ул.Желтоқсан 7.тел.8 707 801 82 83.

***Открылось наследство после смерти гр.Кулжан Алима Пердебекулы, умершего 22.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 г.тел. 8 705 682 20 75.

***Открылось наследство после смерти гр.Абдуалиева Кадириана Юнусовича, умершего 16.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мирзакелдиевой А.Т. г.Шымкент пр.Республики 27/24 тел. 8 701 554 77 21.

***Открылось наследство после смерти гр.Рыскелдиева Асылхана Журсынбековича, умершего 23.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Амиханову Е.Н. г.Шымкент пр.Кунаева 59.тел.8 777 417 72 77.

***Открылось наследство после смерти гр.Нужнова Петра Ивановича, умершего 21.10.2025г. Наследникам

обращаться к нотариусу Даулетбай Б.Б.г.Шымкент ул.Елшибек батыра 112/22.тел.8 700 466 19 46.

***Открылось наследство после смерти гр.Жусип Али Карманкызы, умершей 25.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Сарманову К.М.Туркестан. обл. г.Шардара ул.Асылбекова 4.тел.8 775 700 00 83.

***Открылось наследство после смерти гр.Ахметовой Тажихана Усентаевны, умершей 26.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жанузак Г.А. г.Шымкент ул. Аскарова 32.тел.8 701 753 69 00.

***Открылось наследство после смерти гр. Чулочникова Александра Борисовича, умершего 29.10.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Амиханову Е.Н. г.Шымкент пр.Кунаева 59. тел.8 777 417 72 77.

***Открылось наследство после смерти гр.Сарсенбаева М у х т а р а , у м е р ш е г о 27.10.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул.Уалиханова 219-41.тел.8 777 887 47 77.

***Открылось наследство после смерти гр.Мырзабайулы Олжахана, умершего 17.06.2022г. Наследникам обращаться к нотариусу Измахановой Г.К. Туркестан. обл. с.Тамерлан ул.Рыскулова 5/1 тел. 8 777 600 32 00.

***Открылось наследство после смерти гр.Султан Зарины Бахытжанкызы, умершей 27.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Оспановой А.ж. г.Шымкент пр.Республики 21-34. тел.8 707 616 49 34.

***Открылось наследство после смерти гр.Утегеновой Сауле Табынбаевны, умершей 02.11.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

***Открылось наследство после смерти гр.Калугина Владимира Егоровича, умершего 18.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Накиповой А.Ш. г.Шымкент ул.Толлеби 39 тел. 8 778 591 80 98.

***Открылось наследство после смерти гр. Спатаева Жунуса Абсаматовича, умершего 12.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Султанбекову Е.Т. г.Шымкент ул.Иляева 4-41 тел. 8 701 718 10 49.

***Открылось наследство после смерти гр.Лобзовой Клавдии Романовны, умершей 26.08.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Момыновой Г.С. г.Шымкент ул.Айбергенова 10-38.тел. 8 701 717 80 58.

***Открылось наследство после смерти гр.Абишева Гали Жумахановича, умершего 05.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Оспановой А.Ж. г.Шымкент пр.Республики 21-34.тел. 8 707 616 49 34.

Ликвидация

***Объединение собственников имущества” г.Шымкент ул.Иляева дом 37 кв.7” объявляет о своей ликвидации БИН 241140032052, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан.г.Шымкент ул.Иляева 37.

***ТОО”Ломбард”Ұлан-Қазына”объявляет о своей ликвидации БИН 081140010909, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент пл.Аль-Фараби дом 9-21.

***ТОО”Anka Design and Construction” объявляет о своей ликвидации БИН 220640008091, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент мкр.Туран ул.Новостройка дом 262.

***Крестьянское хозяйство”ПОЛАТ”объявляет о своей ликвидации ИИН000564015736 все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент ж/м

Ликвидация

БИН230840036204, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан пр.Есим хана дом 17/2.

***ТОО”Комбинат строительных материалов” БИН 980940002853, сообщает о своей реорганизаций путем присоединения к ТОО” Шымкент Нефте ОргСинтез” БИН 030740019050. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикаций.г.Шымкент ул.Койкелди батыра 20А.

***ТОО”Шымкент Нефт Орг Синтез” БИН030740019050 сообщает о своей реорганизаций путем присоединения к себе ТОО” Комбинат строительных материалов” БИН 980940002853. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикаций. г.Шымкент мкр.3 дом 4 кв.3.

Қарағанды облысы

ТАС ЖОЛДАРДА ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ ҚАР ТОСҚАУЫП ҚОРШАУЛАР ОРНАТЫЛУДА

Қарағанды облысында автомобиль жолдарын қысқы маусымға дайындау жұмыстарының соңғы кезеңі жүріп жатыр. Қарлы боран мен бұрқасын кезінде көлік қозғалысының қауіпсіздігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында қар үймелейтін учаскелерге заманауи композиттік қар тосқауыл қоршаулар орнатылуда. Мұндай нысандардың бірі – «Сарыарқа» әуежайына апаратын жол. Бағбандар алабы маңында жалпы ұзындығы 1,2 шақырым, биіктігі 4,7 метр болатын қоршаулар орнатылып, монтаждау жұмыстары толық аяқталды.

– Алдағы қысқы маусымда бұл қоршаулардың тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізіледі. Егер сынақ нәтижелері оң болса, осындай үлгідегі қоршаулар басқа да күрделі учаскелерде орнатылады, – деді облыстық көлік және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсат Мұқашев облыс әкімдігінде өткен аппараттық кеңесте.

Қыс мезгілінде Қарағанды облысы аумағындағы республикалық маңызы бар жолдардың күтімімен «ҚАЖсервис» компаниясы айналысады. Компания қар тазалау, жол жабынын өңдеу және олардың жағдайына бақылау жұмыстарын қамтамасыз етеді. Жол шаруашылығының иелігінде қар тазалайтын техника, шнек-роторлар, әмбебап жол машиналары, автогрейдерлер және өзге де арнайы техника бар. Сонымен қатар қосымша арнайы техниканы жалға алу бойынша конкурстық рәсімдер де жүргізілуде.

Қысқа дайындық аясында жылыту бекеттері, қазандықтар, реагенттер қоймалары және қызметкерлерге арналған тұрмыстық бөлмелер толық дайындалды. Көктайғаққа қарсы материалдар қоры 2,6 мың тоннадан асты — оған сүзінді, тұз және көмір кіреді.

– 1 қазаннан бастап барлық жол учаскелерінде тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған. Жолдардың жағдайы

мен қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар жөніндегі ақпарат әлеуметтік желілерде жедел жарияланып отырады, – деді «ҚазАвто-Жол» ұлттық компаниясының Қарағанды облыстық филиалының директоры Думан Қалабиев.

Қар басу қаупі жоғары және көшкін жүру ықтималдығы бар республикалық маңызы бар жол учаскелерінде ұзындығы шамамен 150 шақырым болатын тұрақты қар тосқауыл қоршаулар орнатылған. Атап айтқанда, мұндай қоршаулар Астана – Қабанбай батыр – Нұра – Теміртау және Астана – Алматы бағыттарында бой көтерген. Сонымен қатар ағаштан жасалған қар тосқауыл қалқандарды орнату жұмыстары да жалғасуда.

Су тасқыны қаупін азайту мақсатында қосымша инженерлік шаралар қолға алынған. Өткен көктемдегі су тасқыны кезеңінің нәтижелері бойынша анықталған облыстық маңызы бар 12 жол учаскесінде жөндеу жүргізіліп, қосымша су өткізу құбырлары салынды. Бұл жұмыстар жолдардың су өткізу қабілетін арттырып, тасқын кезінде судың асфальт арқылы тасып өту қаупін азайтады.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қыс мезгілінде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге айрықша көңіл бөледі тапсырды.

– Суық түсуімен бірге барлық бағыттарда көлік қозғалысының үздіксіз әрі қауіпсіз болуын қамтамасыз ету қажет. Уақытылы тек жол жолағын ғана емес, жаяу жүргіншілер жолдарын да тазалап отыру маңызды. Мердігер ұйымдардың жұмысына бақылау тұрақты түрде жүргізілуі тиіс. Қысқы жол күтімі мәселелері қала мен аудан әкімдерінің, сондай-ақ жол қызметтерінің тікелей жауапкершілігінде. Қар тазалау техникасының жарамды күйде болуы және ауа райы нашарлаған жағдайда жедел әрекет ету – басты талап, – деді аймақ басшысы.

Жарамсыз деп танылсын

***Мухан Улан Муханұлына тиесілі №ШК10748 қызметтік куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «Толғанай» балабақшасы» ЖШС «Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жолдасбай Ералиев ауылдық округі, Арай ауылы, Н.Бахашев, көшесі 52 үй орналасқан «Толғанай» балабақшасы» ЖШС» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары бірінғай экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz>.) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 19.11.2025ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

bgm-86@mail.ru
тел:87079476947.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ТОО «Ясли сад «Толғанай» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «ТОО «Ясли сад «Толғанай» расположенного по адресу: Туркестанская область, Жетysайский район, сельский округ Жолдасбая Ералиева, село Арай, ул. Н.Бахашев, д. 52». Проектная документация доступна на едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz>.). Все замечания и предложения принимаются с 19.11.2025г в течение 5 рабочих дней.

bgm-86@mail.ru
тел:87079476947.

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан КАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА -
Бас редактор

Арайлым ӘБСАҒАТ -
журналист

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Г. Іляев көшесі, 29.
E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Мұхтар СЕРІКБАЕВ - Тарату бөлімі
Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама



Мақаланың жариялану аяқталғаны белгіленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 775 777 34 62

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтөбе, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «М-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.

Нөмірдің кезекші редакторы - Аружан МАТТАЙ

Жазылу индексі

65836

Талпырыс: №272
Таралымы: 5100

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

«Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

ЕСТЕЛІК

НҰРБЕК ТӨКЕЕВ



(Жалғасы. Басы 4-5 бетте)

сойлесуге тура келді, ондағым Литвиненконы өткізбеу және орынбасарлыққа Н.Төкеевті ұсыну. Депутаттардың көпшілігі менің ұсынысымды қолдады. Кезекті сессия жұмысын бастады. Талдекен, Литвиненконы қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасарлығына ұсынды. Бірқатар депутаттар қарсылық білдірді. Дауысқа салғанда Литвиненконың кандидатурасы өтпей қалды. Енді бұл сұрақты келесі сессияға қалдыратын болып шешілді. Бұл тірлігімді Нұрбекке жеткіздім. Арада шамалы уақыт өткенде кезекті сессия шақырылды. Орынбасарлыққа қайталап Литвиненконы ұсынды. Бұл жолы дайындалып келген депутаттар оған қарсы шығып, қатты сындар айтты. Айтылған сынды көтере алмаған Литвиненко залдан шығып кетті. Бұл сұрақ тағы да келесі сессияға қалдырылды. Қалалық депутаттар Кеңесінің төрағасы М.Копеевке бардым да: - Мұқа, Т.Қаленовтың орынбасарлығына Н.Төкеевті ұсынбасаңыздар, біз басқаны өткізбейміз-дедім, ол ойланyp қалды. Келесі сессия уақыты жақындағанда М.Көпеев мені шақырып: - егер Н.Төкеевтің кандидатурасын ұсынсақ-өте ме? - дегеніне, - оны депутаттардың құзыры шешеді, ал Нұрбекті ұсынатын болсаңыздар-өтеді-дедім. Сессияда Нұрбек Төкеев Жезқазған қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланды. Әділдік орнағандай болды.

Нұрбектің отбасымен тығыз байланыста болдық Менің жұбайым Ақмарал мен Гүлжан жақсы араласып тұрды. Нұрбектің анасы, інілері келгенде біздің үйде әрдайым қонақта болатын. Анам Жанымкүл жаз айларында ескі әдегімен жайлауға шығатын. Ол кісінің дайындаған қымызы, құрт-майы дәмді болушы еді. Достарымыз Мыңжасар, Қайсар, Нұрбек әйелдері және балаларын ертіп, жайлаудағы апама қыдырып барып тұрдық. Бірде, менің өтінішім бойынша апам, қонақтарға аранайы сойылған марқаның етінен қарын қуырдақ жасады. Достарым, апамның дайындаған қымызы мен қарын қуырдағының дәмін көпке дейін естеріне алатын. Лиза жеңгей, Салтанат, Құралай, Ұлтулардың жасаған дастархандары өте жақсы болатын.

1990 жылдың қараша айының 29-жұлдызында Жамбыл Ыбыраев, сенеттен қайтыс болды деген суық хабар Алматыдан

жетті. Сенер-сенбесімізді білмей Лиза жеңгейге бардық. Көңіл айттық. Жөкеңнің денесін Алматыдан алып келіп, туған жері Қарсақбайға жерледік. Абзал аға-досымызбен қимастықпен қоштастық. Ол кезде дүкен сөрелері бос болатын, күнделікті пайдаланатын азық-түлік, басқа тауарлар да қат еді. Өлікті жөнелтуге, құдайы асқа қажеттілердің барлығын Нұрбек тауып беріп отырды. «Жетіқоңыр» совхозында тұратын нағашымның үлкен баласы үйленетін болды. Сол кездері ауылдағы тойлар арнайы орнатылған палаткада өтетін. Дүкен сөрелері жартылай бос, барлық тауар қат, нағашым келіп көмек сұрады. Нұрбекке айттым, ол барлық керек заттарын тауып берді. Нағашым разы болды. 1991 жылдың мамыр айының 8 - де аймағымызға танымал өлкетанушы Сүтемген ағамның 70 жасқа толғанын «Тюльпан» кафесінде тойладық. Сүтемген көкем, тойға керек заттардың қат екенін алға тартып, той жасауға қарсылық білдірді. Мен: көке, біздің әулетте 70 жасқа соңғы жылдары келген Сізсіз, әкем Нұрмағанбет 66 жасында дүниеден өтті, той жасаймын-дедім. Бұл жолы да тойға керек заттарды Нұрбек тауып берді.

1991 жылдың мамыр айының соңында Жезқазған қалалық «Қазақ тілі» қоғамдық ұйымның бастауымен, қала сыртындағы мұсылмандар қорымына алғаш рет сенбілік өткіздік. Халық сенбілікке көп жиналды. Қорым іші коқыс, құрылыс материалдарының қалдықтарынан тазаланды. Игілікті шараға Нұрбек көмек жасады. Жыл аяғында, Бабаларымыз гасырлар бойы аңсаған Қазақ Елі өзінің Тәуелсіздігін жариялады. Қуандық. Қоғамдық мүлік жекеге таратыла бастады. Басшылармен тіл табыса алмаған Нұрбек қызметінен босады. Үлкен баласы Асқар велосипед теуіп жүрген жерінде мотоцикл соғып, ауыр жарақатпен, жанақтау бөліміне түсті. Естүссіз бернеше күн төсекте жатты. Нұрбек пен Гүлжан қатты қобалжыды, қолдарынан келген көмекті барынша жасады. Жас баланың тағдырына бәріміз алаңдадық. Ата-ана үшін үлкен соққы болды. Абырой болғанда бала тірі қалды, көп емделді. Нұрбек «Автомотосервис және сауда» мекемесіне басшы болып ауысты. 1992 жылы жаз айында, Қызылорда қаласында тұратын Гүлжанның анасы жарық дүниеден өтті. Жөпелдемеде көлік жүргізуші болмағандықтан, жақында ғана алған көліктің рөліне өзім отырдым, қасымда Нұрбек, Ақмарал. Екінші көлікте Нұрбектің күйеу баласы Нұрлан, анасы мен қарындасы. Екі көлікпен түнделетіп Қызылордаға келдік. Гүлжан мен туысқандарына көңіл айттық, ертеңіне жаназа намазынан кейін Ақмарал екеуіміз Жезқазғанға жолға шықтық.

Бір жамандықтан кейін, жақсылық болады дегендей, Гүлжан дүниеге ұл бала әкелді. Қуандық. Нұрбек нәрестенің есімін Исатай қойды. 1992 жылдың аяғында, Жезқазған қалалық атқару комитеті төрағасыны орынбасарлық қызметі босады. Нұрбекпен ақылдасып, босаған орынға қалалық Кеңестің депутаты Тілеуберген Көрсембаевты ұсынуға келістік. Ол кезде Тілеуберген қалалық ішкі істер бөлімінде рота командирі болып істейтін. Адал әрі принципшіл Тілеуберген басшыларының тарапынан қысым көретінін еститініміз. Тілеубергенді көндірдім де қала басшысы Т.Қаленовке барып ұсынысымды айттым. Ол кісі келісімін беріп, ертең маған келсін деді. Тілеубергенге хабар бердім. Ертеңіне Т.Қаленов маған телефон соғып, Тілеубергеннің келіспегенін хабарлады. Тілеубергеннің үйіне бардым, неге келісімін бер-

Жарнама

мегенін сұрадым, ол: - Төке, Сізге рахмет, лауазымды қызмет қолымнан келмейді-дегені. Бұл қызыметке Т.Нұрбек тағайындалды. Тілеуберген Көрсембаев өте адал, принципшіл, азамат еді. Осындай мінезімен басшыларына ұнамады, ақырында Қарағанды қаласына қоныс аударуға мәжбүр болды. Тілеуберген өмірден ерте өтті.

1997 жылы Нұрбек отбасымен Алматы қаласына қоныс аударды. Қалалық прокуратурада қызмет атқарды. Бір өңгіме үстінде Нұрбектен: - Нұреке, инженерлік мамандықты дұрыс таңдамағаның, сенің пайымдаушылығың, үлкенді-кішілі мәселелерді анализ жасап барып шешім шығаратындығың, құқық саласында қызмет істейтін азаматтарға жетіспейтін қасиеттер бойында бар- дегеніме, ол: - оның рас, менің атам, әкем сот болып істеген. Ондай қызметтегілер жиі қоныс аударатын, менің инженер болуымды әкем құп көрген. Юристік мамандық алдым, енді сол салада істеймін-деген еді. 2019 жылы кенжем Едігенің үйлену тойына Нұрбек пен Гүлжанды шақырдым. Соңғы жылдары оның қатты аурып жүргенінен хабардар болатынымын. Маған жиі телефон соғып: - Төке, амандық болса тойға барамыз, Жезқазғанды, ондағы достарды сағындым. Дәрігерге қаралып жүрмін, жақсы болсам барамын-дейтін. Тойға келе алмады. Ұзаққа созылған науқас оны мәңгілікке арамыздан алып кетті. Нұрбек, өзінің аманаты бойынша, туған жері Отырардағы бабалар қорымына жерленді.

Соңғы мәрте телефон арқылы сөйлескенімізде Нұрбек: -Төке, кезінде бірге жүрдік, бірталай жұмыстар атқардық соларды жазшы-деген болатын. Журналшы, жазушы болмасам да, досымның аманатын орындау мақсатында қолыма қалам алдым. Нұрбек Төкеевтей азаматқа арнап поэма, көлемді шығармалар жазса артық болмас.

Уақыт өте келе, достарымның қатары сирей бастағаны жанымың ауыртады. Қатар жүрген сыйлас достарым Жамбыл, Жұмажан, Избасар, Тілеуберген, Мұханбет, студенттік досым Мұрат Қоспановтар келместің кемесімен кеткендеріне де біраз уақыт болды. Оңаша қалғанда оларды еске аламын, сағынамын. Осы орайда сүйікті ақынım Мұхтар Шахановқа жүгінемін:

«Айқындалмас жақының мен алысың,
Доссыз жүру мүмкін емес сол үшін.
Өз көңілінен сенім таба білмеген,
Досқа досша ұсына алмас қол ұшын.
Доссыз менің өмірімде бар ма сән,
Досым барда арманға асам, алға асам.
Мақтау күтпен, адамшылық арынды
Көкірегімді оққа төсеп қорғасам.
Адам деме жалған күліп алдасам,
Не берсем де сеніп бере алмасам.
Тар кезеңде талшық етер жаным,
Жарты құртты бөліп бере алмасам.
Дос құшақтан босамасын қолдарым,
Осы менің, осы менің арманым.
Достығыма сенетін жан аз болса,
Онда, құрбым, менің де әлсіз болғаным», - деп төгіледі ол.

Ақын өлеңі менің жаныммен үндеседі. Өмір озар, тозатын дүние тозар, дегенмен адамзат тұрғанда достық, түсіністіктің ешқашанда өлмейтіндігі мен сенемін. Достық, азаматтық, адамгершілік- адалдық болмыс-бітім ең жоғарғы дәрежесі іспетті.

Нұрбектің шаңырағы оның отын өшірмей, атын ардақтап келеді. Ол соңынан ерген балаларының, немерелерінің қызығын көрсем деп армандайтын. Балалары да «алдында өкен болған қандай жақсы»-әкесі барларға қызыға қарайтындай. «Жақсының артында жақсы із қалады» - деген емес пе.

Иман нұрымен қабірің нұрланып, пейіш төрінде тыныштықта дамылда. Бақұл бол, асыл дос!

Төлеген БҮКІРОВ,
техника ғылымдарының кандидаты,
Қазақстанның Құрметті металлургі,
Жезқазған қаласы және Қарағанды облысының Құрметті азаматы.
Жезқазған қаласы. 06.11.2025 ж.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Бастамашы «Инкай БК» ЖШС (мекенжайы: Шымкент қ-сы, Д. Қонаев даңғылы, 80 ғимарат, БСН 960340001136, тел: +77017323187, tabisheva@inkai.kz) 19/12/2025 ж. сағ. 11:30-да, Созақ ауданы, Қыземшек к.ә., Тайқоңыр ауылы, Demur мәдениет үйінде, «Инкай кен орнының ПВ-1 учаскесіндегі қолданыстағы ӨЕКЦ-ы қайта құру мен өндірістік қуаттылығы жылына 4000 тонна ЗОУ түріндегі уранды аффинаждау цехының құрылысы ҚОҚБ» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Орындаушы: «ЭАИМ» ЖШС, БСН 01140005355, Шымкент қ-сы, Байтұрсынов көш., 18 ғимарат, 28 кеңсе, info@eaim-kz.com, тел: +77017323187.

Материялдармен танысу және ұсыныстар үшін: <https://ndbecology.gov.kz/> біріңғай эко-порталы, ТО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, a.erkebai@ontustik.gov.kz. Қағаз нұсқасымен Шымкент қ-сы, Қойкелді батыр көш., 22/1 ғимаратында танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша: +77017323187.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Инициатор ТОО «СП «Инкай» 160021, г.Шымкент, пр. Кунаева, зд. 80., БИН 960340001136, Тел: +7 7252 997 182, tabisheva@inkai.kz) проводит 19/12/2025 г. в 11:30 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., с.Тайкоңыр, дом культуры “DEMUR” общественные слушания в форме открытого собрания по «РООС «Строительство аффинажного цеха производственной мощностью 4000 т урана в год в виде ЗОУ с реконструкцией существующего ЦППР на участке ПВ-1 месторождения «Инкай»».

Исполнитель: ТОО «ЭАИМ», БИН 01140005355, ул. Байтұрсынова, зд. 18, офис 28, эл.адрес: info@eaim-kz.com, +77017323187.

Для ознакомления и отправки предложений: единый эко-портал <https://ndbecology.gov.kz/>, сайт Управления природных ресурсов и регулирования природопользования ТО, a.erkebai@ontustik.gov.kz. В бумажном виде можно ознакомиться по адресу: г.Шымкент, пр. Кунаева, зд. 80. По всем вопросам: +77017323187.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ

Определением межрайонного суда по заявлению Гурской Елены Вячеславовны, проживающей по адресу: город Шымкент, микрорайон Карасу, дом №58, квартира №19, межрайонным судом по гражданским делам города Шымкент возбуждено электронное гражданское дело о признании гражданина безвестно отсутствующим Фадеева Вячеслава Ивановича, 17 января 1951 года рождения, ранее проживающего в городе Шымкент, микрорайон Карасу, дом №58, квартира №19. Лицам, имеющим сведения о месте пребывания либо обладающих иной информацией о Фадеева Вячеславе Ивановиче просим сообщить об этом в межрайонный суд по гражданским делам города Шымкент в течение трех месяцев с момента публикации по контактному телефону 8 702 381-77-05.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы, белгілі ақын Мұхтар Шахановқа ұлы **Қуаныш МҰХТАРҰЛЫНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып қайғыра көңіл айтады.

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

ЖШС “ “Intellect” физика - математикалық мектеп - лицейі” жеке-меншік мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырмасын алушы болып табылады.

Ата - ана төлемі жоқ, яғни тегін оқытады.

УВАЖАЕМЫЕ РОДИТЕЛИ!

ТОО “ “Intellect” физика - математикалық мектеп - лицейі” частная школа является получателем государственного образовательного заказа в рамках подушевого нормативного финансирования.

Родительская оплата бесплатно.

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

ЖШС «Жас Қанат» мектеп-кешені жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырмасын алушы болып табылады.

Мемлекеттік білім беру мектебімізде тегін.

Телефон: 87785792029

УВАЖАЕМЫЕ РОДИТЕЛИ!

ТОО школа-комплекс «Жас Қанат» является получателем государственного образовательного заказа в рамках подушевого нормативного финансирования.

Обучение в школе проводится бесплатно. Телефон: 87785792029

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

«Жас Дарын - 2» бастауыш мектебі ЖШС жекеменшік мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырмасын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі жылына 1200 АЕК-тан аспауы керек.

Сенім телефоны: 8-7172-695-035, 8-7172-695-037

УВАЖАЕМЫЕ РОДИТЕЛИ!

ТОО начальная школа «Жас Дарын-2» является получателем государственного образовательного заказа в рамках подушевого нормативного финансирования. Родительская оплата не должна превышать 1200 МРП за год.

Телефон доверия: 8-7172-695-035, 8-7172-695-037

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

«Jana Dauir» мектеп-интернаты ЖШС жекеменшік мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырмасын алушы болып табылады.Ата-ана төлемі жылына 1200 АЕК-тан аспауы керек.

Сенім телефоны: 8-7172-695-035, 8-7172-695-037

УВАЖАЕМЫЕ РОДИТЕЛИ!

ТОО школа-интернат «Jana Dauir» является получателем государственного образовательного заказа в рамках подушевого нормативного финансирования.Родительская оплата не должна превышать 1200 МРП за год.

Телефон доверия: 8-7172-695-035, 8-7172-695-037